

Қазақстан Республикасы
Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі
«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы

**«Жастар ортасындағы қоғамдық-саяси
жағдайды зерттеу»
(2018 жылдың бірінші жартыжылдығы)**

**Әлеуметтік зерттеудің нәтижелері бойынша
аналитикалық баяндама**

Астана, 2018

Жастар ортасындағы қоғамдық-саяси жағдайды зерттеу (2018 жылдың бірінші жартыжылдығы) / О.В. Калдыбаева, Ж.К. Кәрімова, Р.Р. Аюпова, З.Т. Алинова – Астана: «Жастар» ҒЗО, 2018. – 109 б.

Осы баяндама: 2018 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің тапсырысы бойынша жүргізілген «Жастар ортасындағы қоғамдық-саяси жағдайды зерттеу» әлеуметтік зерттеуінің нәтижелеріне негізделген.

© «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, 2018

МАЗМҰНЫ

I-бөлім. Әлеуметтік зерттеу бағдарламасы.....	5
1.1. Бағдарламаның әдіснамалық бөлігі.....	5
1.1.1. Проблемалық жағдайды негіздеу.....	5
1.1.2. Зерттеудің мақсаты және міндеттері.....	6
1.1.3. Зерттеу нысаны және мәні.....	6
1.1.4. Негізгі ұғымдардың түсіндірмесі.....	7
1.1.5. Зерттеудің болжамдары.....	8
1.2. Бағдарламаның әдістемелік бөлігі.....	9
1.2.1. Іріктеу көлемін анықтау.....	9
1.2.2. Бастапқы әлеуметтік ақпаратты жинау кезінде қолданылатын әдістердің сипаттамасы.....	10
1.2.3. Инструментарий құрылымы.....	10
1.2.4. Ақпаратты өңдеу әдістемесі.....	11
1.2.5. Ақпаратты талдау әдістері.....	12
II-бөлім. Өмірге қанағаттанушылық деңгейі және жастардың өзекті проблемалары.....	13
2.1. Жастардың өмірдің жекелеген аспектілеріне қанағаттанушылығы.....	13
2.2. Жастардың білім беру сапасына, жастардың дамуына және бос уақытты өткізуге жасалатын жағдайларға қанағаттанушылық деңгейі.....	16
2.3. Жастардың тұрғылықты орындарындағы өзекті проблемалары.....	20
2.4. Жастардың жұмыспен қамту саласындағы проблемалары.....	22
Бөлім бойынша қорытындылар, болжам және ұсынымдар.....	24
III-бөлім. Жастардың мемлекеттік жастар саясатына көзқарасы.....	27
3.1. Жастардың жастар саясатын іске асыратын жекелеген мемлекеттік органдардың қызметі туралы хабардарлық деңгейі және оны бағалау.....	27
3.2. Жастарды қолдау туралы мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы ақпараттылық деңгейі.....	31
3.3. Жастардың мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуына қанағаттанушылық деңгейі.....	35
Бөлім бойынша қорытындылар, болжам және ұсынымдар.....	38
IV-бөлім. Мемлекет жастарының санасындағы патриотизмнің құндылығы.....	41
4.1. Жас қазақстандықтардың санасындағы «патриотизм» ұғымының мағынасы.....	41
4.2. Жастардың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне көзқарасы.....	42
4.3. Қазақстандық жастардың санасындағы патриоттық тәрбиенің проблемасы.....	45
Бөлім бойынша қорытындылар, болжам және ұсынымдар.....	48

V-бөлім. Қазіргі қазақстандық жастардың жастар субмәдениетіне көзқарасы.....	51
5.1. Жастардың санасындағы «жастар субмәдениеті» ұғымының мазмұны және оларға қатынасы.....	51
5.2. Жастар субмәдениеттеріндегі мүшелік деңгейі.....	54
5.3. Жастар субмәдениеттеріне кіру себептері.....	57
Бөлім бойынша қорытындылар, болжам және ұсынымдар.....	58
VI-бөлім. Қазақстан жастарының діншілдік деңгейі.....	60
6.1. Жастардың мемлекеттегі діни ахуалды жалпы бағалауы.....	60
6.2. Қазақстан жастарының жеке діншілдік деңгейі.....	62
Бөлім бойынша қорытындылар, болжам және ұсынымдар.....	67
VII-бөлім. Жастар ортасындағы наразылық көңіл-күйлерін бағалау.....	71
7.1. Жастардың тұрғылықты жерлерінде наразылық акцияларының туындау ықтималдығын бағалауы.....	71
7.2. Жастар ортасындағы наразылық белсенділігінің деңгейін жоғарылатуға әсер ететін проблемалар.....	72
Бөлім бойынша қорытындылар, болжам және ұсынымдар.....	74
Қорытынды.....	76
Қосымшалар.....	81

I-БӨЛІМ. ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1.1. Бағдарламаның әдіснамалық бөлігі

1.1.1. Проблемалық жағдайды негіздеу

Қазіргі жастар жаңғырып келе жатқан Қазақстанның негізгі стратегиялық ресурсы болып табылады. Бүгінгі қазақстандық жастар мемлекетті жаңартуға, республиканың қоғамдық және саяси өміріне белсене қатысуда. Қазақстандық қоғамда орын алып жатқан өзгерістер жастар ортасындағы оң құбылыстарды да (саяси, әлеуметтік, кәсіби және шығармашылық белсенділік), келеңсіз құбылыстарды да (әртүрлі девиацияларды) көрнекі түрде көрсетеді. Бұл жастар мен жастар проблемаларын жүйелі ғылыми зерттеу қажеттігін өзекті етеді.

Қазіргі жастар өмірінде бірқатар проблемаларға тап болады. Олардың ішінде жиі кездесетіні әлеуметтік-экономикалық проблемалар – табыстың төмендігі, жұмыссыздық, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетсіздік, тұрғын үй проблемалары және т.с.с. Жастар проблемаларын шешу шараларын уақытында қабылдау, олардан шығу жолдарын табу қажет, себебі оларды елемеу жастар топтарының ортасында көңіл толмаушылықтың туындауына және аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайдың шиеленісуіне түрткі болуы мүмкін.

Қазақстан жастарының сапалық сипаттарына келер болсақ, аға буын өкілдеріне қарағанда қазіргі жастардың бейімделгіш, сындарлы және парасатты болғанын, олардың мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек пен қолдауға сенуінің сиреп бара жатқанын айту қажет.

Алайда, қоғам ішіндегі өмір сүру жағдайларына жалпы көзқарастың оң болғанына қарамастан, мемлекетке жастардың саяси белсенділігі мен көзқарастарының барлық параметрлерін тереңірек зерттеу қажет. Жастардың қоғамдық пікірі, оның наразылық көңіл-күйлері – бұл қоғам өмірінде болып жатқан үдерістер мен өзгерістерге аса сезімтал субстанция. Жастар ортасындағы қоғамдық-саяси жағдайдың жүйелі мониторингі жастар ортасындағы басқарылмайтын наразылық қозғалыстарының алдын алудың заманауи шараларын қабылдауға және олардың туындауына кедергі жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстан жастары бүгінгі күні әрқелкі болып табылады, онымен жұмыс істеу үшін әр топ үшін жеке саясат құру қажет. Сондықтан Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясатының маңызды міндеттерінің бірі жастар проблемаларын зерттеу, мониторинг жүргізу, сондай-ақ оларды шешудің заманауи шараларын қабылдау болып табылады. Қазақстан Республикасында мемлекеттік жастар саясаты жастардың рухани, мәдени, білім, кәсіби қалыптасуы және жастардың физикалық дамуы, олардың бүкіл қоғам мүдделеріндегі шығармашылық әлеуетінің ашылуы үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастыру шаралары мен кепілдіктерін құру мақсатында жүзеге асырылады.

1.1.2. Зерттеудің мақсаты және міндеттері

Осы зерттеудің мақсаты Қазақстан жастары үшін әлеуметтік хал-жайды зерделеу, оның негізгі қажеттіліктері мен қоғамдық-саяси көңіл-күйлерін анықтау болып табылады.

Алға қойған мақсатқа жету үшін төмендегі негізгі зерттеу міндеттерін шешу көзделеді:

- 1) жастардың жалпы өміріне және оның әртүрлі аспектілеріне, атап айтқанда (білім беру сапасына, бос уақытын өткізу үшін жасалатын жағдайларға) қанағаттанушылық дәрежесін бағалау;
- 2) жастардың тұрғылықты жерлеріндегі ең өзекті әлеуметтік проблемалар рейтингісін анықтау;
- 3) жастардың жұмыспен қамту саласындағы проблемаларын анықтау;
- 4) жастардың мемлекеттің жастар саясатына көзқарасын зерттеу;
- 5) жастардың Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі Жастар саясаты департаментінің, сонымен қоса мемлекеттік жастар саясаты институттарының, жастар ресурстық орталықтарының тиімділігін бағалауы;
- 6) жастардың жастар саясатын іске асыру үшін жауапты мемлекеттік органдар қызметі туралы хабардарлық деңгейін анықтау;
- 7) жастардың жастарды қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы, жастар ұйымдарының қызметі туралы ақпараттандырылу деңгейін анықтау;
- 8) жастардың іске асырылып жатқан жастар саясатына қанағаттанушылық деңгейін бағалау;
- 9) мемлекет жастарының санасындағы патриотизм мағынасын айқындау;
- 10) жастардың әскери-патриоттық тәрбиеге, қарулы күштерге, мемлекеттік қызметке көзқарасын зерттеу;
- 11) жастардың жастар субмәдениеттеріне көзқарасын анықтау;
- 12) жастардың жастар субмәдениеттеріне еліктіргендік деңгейін бағалау және оларға ену себептерін айқындау;
- 13) жастар ортасындағы діншілдік деңгейін бағалау;
- 14) жастардың наразылық әлеуетінің деңгейін және оны арттыруға қабілетті проблемаларды анықтау;
- 15) мүдделі мемлекеттік органдарға және жастар саясатының басқа институттарына арналған мемлекет аймақтарындағы жастар ортасында тұрақты қоғамдық-саяси жағдайды қамтамасыз ету жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу.

1.1.3. Зерттеудің нысаны және мәні

Зерттеу нысаны – Қазақстан Республикасының 14-29 жастағы халықтың әлеуметтік-демографиялық және аумақтық сипаттамаларын көрнекі көрсететін параметрлер бойынша таңдап алынған адамдар.

Зерттеу мәні – жас қазақстандықтардың әлеуметтік хал-жайлар, көңіл-күйлер және қажеттіліктер туралы пікірлерін зерттеу.

1.1.4. Негізгі ұғымдардың түсіндірмесі

Жастар – Қазақстан Республикасының он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтары. Жастар – бұл жас шектерімен және қоғам ішіндегі өз мәртебесімен: балалық және жастық шақтан әлеуметтік жауапкершілікке көшімен ерекшеленетін ерекше әлеуметтік-жастық топ. Кейбір ғалымдар жастарды қоғам оларға жеңілдіктермен қамтамасыз ете отырып, бірақ әлеумет өмірінің белгілі бір салаларына белсенді қатысу мүмкіндіктерін шектей отырып, әлеуметтік даму мүмкіндігін беретін жас адамдардың жиынтығы деп анықтайды.

Адамның әлеуметтік хал-жайы оның қоғамда қалыптасқан әлеуметтік игіліктер жүйесінің, олардың өндіру мен үлестірудің туындылары болып табылатын әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесімен анықталады. Сонымен қатар бұл аталған әлеуметтік жағдайлардың нақты бір адам үшін қолайлылық дәрежесі, яғни оның қоршаған әлем туралы өз тәжірибесінен туындайтын субъективті пікірі.

Наразылық әлеуеті – азаматтардың белгілі бір жағдайларда наразылық акцияларына қатысу ниеті, бейімділігі, аумақтың ұлттық қауіпсіздігі үшін белсенді наразылық шеруге айналу қаупін тудырады.

Діншілдік – жеке тұлғаның немесе топтың діни және діни емес салалардағы сананың, мінез-құлықтың және қатынастардың деңгейінде қасиетті және / немесе тылсым дүниеге сенуді және табынуды білдіретін сапасы.

Жастар ортасының радикализмі – жастар ортасына экстремистік көзқарастар мен идеялардың енуі, яғни зорлық-зомбылық жасауға, түбегейлі ұлтшылдыққа, нәсілдік және ұлттық төзбеушілік жағдайлардың пайда болуына алып келеді.

Мемлекеттік жастар саясаты – мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастыру және құқықтық шаралар жүйесі.

Бос уақыт – жұмыс уақытынан басқа бос уақыт. Бос уақыт адамдардың тауарлар мен қызметтерді тұтынуына қосымша олардың пайдалылық функцияларына жатады. Бос уақыт мөлшерін нақты өлшеу қиын: оны жұмыс өткізілмеген уақыт деп анықтауға болады; алайда жұмысқа баруға (жұмыс басты болған жағдайда) немесе жұмысты іздеуге (жұмыссыз болған жағдайда) жұмсалған уақытты бос уақыт деп санауға болатынына күмән тудырады. Бос уақыт құралдарымен қамтамасыз ету, оған қоса мәдени демалыс, спорт немесе ойын-сауықтар индустриясы қазіргі экономиканың маңызды секторы болып табылады.

Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, өз елі үшін мақтаныш, оны тануға және түсінуге, жақсартуға ұмтылу.

Субмәдениет – басым көпшіліктен өз мінез-құлқымен ерекшеленетін қоғам мәдениетінің бөлігі, жеке топ мәдениеті, сондай-ақ осы мәдениет иеленушілерінің әлеуметтік топтары. Субмәдениет басым мәдениеттен құндылықтар жүйесімен, тілмен, мінез-құлық мәнерімен, киіммен және басқа

да аспектілерімен ерекшеленуі мүмкін. Ұлттық, демографиялық, кәсіби, географиялық және басқа негіздерде қалыптасатын субмәдениеттер болады. Атап айтқанда, субмәдениеттер тіл нормасынан өз диалектісімен ерекшеленетін этникалық тұтастықтардан құралады. Тағы бір белгілі мысал, жастар субмәдениеттері болып табылады.

1.1.5. Зерттеудің болжамдары

Негізді болжам.

Аймақта / елді мекенде әлеуметтік проблемалардың болуына қарамастан қазіргі қазақстандық жастардың әлеуметтік хал-жай деңгейі айтарлықтай жоғары, алайда ол жастардың тұрғылықты жеріне, табыс және білім алу деңгейіне қарай айтарлықтай өзгеріп тұрады.

Болжамдар:

1. Жалпы алғанда, Қазақстан жастарына оптимистік көңіл-күйлер мен өміріне жоғары субъективті қанағаттанушылық деңгейі тән.

2. Жастардың тұрғылықты жерлеріндегі ең өзекті әлеуметтік проблемаларына жұмыспен қамтуға байланысты проблемалар, жұмыссыздық, білім сапасының төмендігі, өз тұрғын үйлерінің болмауы жатады.

3. Жастардың мемлекеттік жастар саясаты және жастарды қолдау шаралары туралы ақпараттандыру деңгейін орташа немесе орташадан төмен деп сипаттауға болады.

4. Қазіргі қазақстандық жастардың санасында патриотизмнің құндылығы туралы мағына едәуір жоғары. Бұл ретте бұл құндылықтың мазмұны жастардың этникалық қатыстылығына және басқа әлеуметтік белгілеріне қарай өзгеріп тұрады.

5. Жастардың жастар субмәдениеттеріне еліктіргендік деңгейі жалпы мемлекет бойынша айтарлықтай төмен, ірі қалаларда жастар субмәдениеттері кеңірек таралған. Сондай-ақ еліктіргендікке жастардың жас шамасы, этникалық қатыстылығы әсер етеді. Жалпы, жастардың субмәдениеттерге көзқарасы бейтарап болып табылады. Кіші жастық топтарда жоғары жастық топтарға қарағанда позитивтік болып келеді.

6. Жастар ортасындағы діншілдік деңгейін орташа, мемлекеттің бірқатар аймақтарында жоғарырақ мәндерге беталысы бар деп сипаттауға болады.

7. Қазіргі уақытта жастар ортасындағы наразылық белсенділік деңгейі орташа деп бағаланады. Бірқатар облыстарда жастар материалдық жағдайға қанағаттанушылық деңгейінің төмен болуынан, жекелеген елді мекендердің әлсіз дамуынан туындаған әлеуметтік әлеуметтік шиеленістің жоғары деңгейін көрсетуде.

1.2. Зерттеудің әдістемелік бөлігі

1.2.1. Іріктеу көлемін анықтау

Іріктеу жиынтығының көлемі 2000 сұхбаткерді құрайды. Әлеуметтік зерттеуді жүргізу аумағы Қазақстан Республикасының барлық өңірлерін –

республикалық маңызы бар Астана және Алматы қалаларын, 14 облыс орталығын, сондай-ақ ауылдық елді мекендерді қамтиды. Зерттеуде стратификацияланған көп сатылы іріктеу қолданылды.

1-кесте

Жоба бойынша іріктеу жиынтығы, адам

	Барлық тұрғындар			Қала тұрғындары			Ауыл тұрғындары		
	Екі жынысты	Ерлер	Әйелдер	Екі жынысты	Ерлер	Әйелдер	Екі жынысты	Ерлер	Әйелдер
Қазақстан Республикасы	2000	1013	987	1131	553	578	869	446	423
Ақмола облысы	76	40	36	34	17	17	42	23	19
Ақтөбе облысы	98	61	37	61	31	30	37	19	18
Алматы облысы	209	109	100	45	22	23	164	86	78
Атырау облысы	69	36	33	31	15	16	38	20	18
Батыс-Қазақстан облысы	70	36	34	35	18	17	35	18	17
Жамбыл облысы	123	63	60	47	25	22	76	38	38
Қарағанды облысы	144	74	70	113	55	58	31	16	15
Қостанай облысы	91	46	45	47	23	24	44	24	20
Қызылорда облысы	91	47	44	38	19	19	53	27	26
Маңғыстау облысы	75	38	37	28	14	14	47	24	23
Оңтүстік-Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы)	356	183	173	156	78	78	200	100	100
Павлодар облысы	74	38	36	51	25	26	23	12	11
Солтүстік-Қазақстан облысы	53	28	25	24	10	14	29	15	14
Шығыс-Қазақстан облысы	136	70	66	85	42	43	51	27	24
Астана қ.	116	56	61	116	53	63	-	-	-
Алматы қ.	218	101	117	218	103	115	-	-	-

* ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің 2018 жылғы 1 қаңтардағы мәліметтері бойынша

Осы зерттеуде бақылау бірліктері бірнеше кезеңмен іріктелді: ықтималдықты іріктеу дизайны қолданылды. Ықтималдықты іріктеу дизайны жиынтық шегіндегі кез келген адамның (14 жастан 29 жасқа дейін) талдау үшін теңдей іріктеп алыну мүмкіндіктері болатындай құрылған. Стратификацияланған көп сатылы іріктеу қолданылды. Негізгі страталар мыналар болып табылады:

1-саты. Облыстар бойынша іріктеу – облыстар және республикалық маңызы бар қалалар бойынша тұрғындар 14 жастан 29 жасқа дейін санының негізінде, мемлекеттің 16 аймақ – Астана және Алматы қалалары, 14 облыс

орталығы бойынша іріктеу көлемдері анықталды.

2-саты. Қала - ауыл қағидасы бойынша іріктеу – әр облыста қалалық және ауылдық іріктеу көлемдері есептелді.

3-саты. Бастау нүктесін іріктеу – әрбір елді мекеннің шеңберінде кездейсоқ тәсілмен бағыттың бастау нүктелері мен сұхбаткерлердің саны анықталады.

4-саты. Үй шаруашылығын іріктеу – бастау нүктесінен бастап бағыт бойынша «сол қол» ережесі бойынша үй шаруашылығы іріктеп алынады.

5-саты. Сұхбаткерлерді квота бойынша іріктеу – әрбір жеке алынған үй шаруашылығында сұхбаткерлер екі белгі – жынысы және жасы – жас - жыныс квота бойынша іріктеп алынады – сұхбаткердің жасы 14 жастан 29 жасқа дейін болу керек, сонымен қатар жынысы бойынша көрнекі түрі (жауап алынатын ерлер мен әйелдердің саны Статистика комитетінің мәліметтері бойынша әрбір облыс, қала және ауыл бойынша есептелген).

Іріктеу көрнекі, яғни бөліп көрсетілген параметрлер бойынша сұхбаткерлердің құрамы негізгі жиынтықтағы тиісті пропорцияларға жуық (Статистика комитетінің 2018 жылға арналған мәліметтері бойынша) болып табылады. Бұл ретте іріктеу жиынтығының орташа сипаттамаларының негізгі жиынтықтың орташа сипаттамаларынан ауытқуы $\pm 3,5$ % аспау керек.

1.2.2. Бастапқы әлеуметтік ақпаратты жинауда қолданылатын әдістерінің сипаттамасы

Ақпарат жинау әдісі 14 жастан 29 жасқа дейін «face-to-face» жаппай пікір сұрау болып табылады. Бұл әдіс Қазақстанның жастар ортасындағы жағдай туралы объективті ақпарат алуға, сондай-ақ жас қазақстандықтардың негізгі қажеттіліктері мен әлеуметтік тәжірибелерін айқындауға мүмкіндік берді. Жүргізілген жаппай пікір сұрау нәтижелерінің негізінде жаппай мінез-құлық туралы болжам жасалады.

Жаппай пікір сұрау шеңберінде ақпарат жинау сұхбаткерлердің тұрғылықты жері (пәтерлік пікір сұрау деп аталады), сирек жағдайларда оқу / жұмыс / жұмыспен қамту орны бойынша (жедел іздеуге және мақсатты топқа қол жеткізу үшін) жүргізіледі. Таңдап алынған әдіс ағымдағы зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.

1.2.3. Инструментарий құрылымы

Әлеуметтік зерттеудің логикалық түрде құрылымдалған сұрақтар тізімі – сауалнамасы – белгілі бір ережелер бойынша құрастырылған және бір-бірімен байланысты бірқатар сұрақтар жиынтығы бар бастапқы ақпаратты жинауға арналған құрал, тираждалған құжат деректерді жинау техникасы болып табылады. Әлеуметтік сауалнаманың қасиеттері мен белгілері, оның көлемі, құрылымы, сұрақтарды құрылымдау ерекшелігі бір-бірімен тығыз байланысты және осы құралды пайдалану (жаппай) көзделген пікір сұрау түрімен, сондай-ақ зерттеу нысанының ерекшеліктерімен анықталады.

Әлеуметтік сауалнаманың құрылымы үш блоктан құралады:

1) сұхбаткерге арналған үндеуден, зерттеу туралы ақпараттан және т.б.

құралатын кіріспе блок; 2) тек қана зерттеліп жатқан проблема бойынша сұрақтар жиынтығынан құралатын негізгі блок. Бұл блок зерттеліп жатқан проблеманың әртүрлі аспектілеріне немесе жеке тақырыптарға арналған бірнеше бөлімнен құралуы мүмкін; 3) сұхбаткердің жынысы, жас шамасы, білімі, табысы және т.б. сияқты сипаттамалар туралы сұрақтар жиынтығынан құралатын әлеуметтік-демографиялық блок.

Сұрақтарды тұжырымдау – сауалнама құрудың ең күрделі кезеңі. Сауалнама сұрақтары сұхбаткерлерге түсінікті, грамматикалық және логикалық жағынан қарапайым болуға, олардың жалпы даму деңгейін, мәдениет ерекшеліктерін және зерттеу мәніне жататын саладағы хабардарлық дәрежесін ескеруге тиіс.

Сауалнама құруға оны тексеру, сынау, нақтылау жатады. Сауалнаманың сапасын бағалау үшін пилотаждық зерттеу жүргізіледі. Оның барысында сауалнаманың мазмұны, сұрақтардың тұжырымдалуы және жүйелігі, жауаптардың нұсқалары және т.б. тексеріледі. Пилотажды микро-іріктеу (10 адамға дейін) бойынша тәжірибелі социолог сұхбаткердің жауаптарын, оның сұрақтардың мазмұнына орай әрекетін, оларды түсінуін және қабылдауын, сондай-ақ міндетті түрде пікір сұрауға жұмсалған уақытты белгілеп ала отырып жүргізеді. Осының барлығы инструментарийдің кемшіліктерін анықтауға, оларды түзеуге және сауалнаманы жаппай жұмысқа бейімдеуге мүмкіндік береді. Сұрау тілі: сұхбаткердің қалауына қарай қазақ және орыс тілдері.

Зерттеудің далалық кезеңінің ақпаратын әлеуметтік-демографиялық параметрлері бойынша іріктеп алынған арнайы дайындалған сұхбат алушы жинайды. Сұхбат алушылар әрбір сұхбаткермен сұхбат жүргізу барысында сауалнаманың толтырылуын қамтамасыз етеді. Барлығы жаппай сұрауды 16 аймақтық супервайзердің басшылығымен 90-нан астам сұхбат алушы жүргізеді.

1.2.4. Ақпаратты өңдеу әдістемесі

Зерттеудің далалық кезеңінің қорытындылары бойынша «Жастар» ҒЗО қызметкерлері сұхбат алушылардың жұмысына бақылау жүргізді (сауалнамалардың толтырылу дұрыстығын 100 % тексеру және телефон бойынша өрісті 30 % бақылау), сондай-ақ деректердің кодировкасын, енгізілуін және өңделуін бақылады. Бақылау жүргізу үшін «Жастар» ҒЗО өрістерді өзгерткен жоқ және Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша зерттеудің далалық кезеңінің барлық құжаттарын (сауалнамаларды, бағыттық қағаздарды, сызғыштарды, корреляцияларды) ұсына алады.

Бастапқы деректерді енгізу, өңдеу, сондай-ақ бір өлшемдік, екі өлшемдік кестелерді шығару, корреляциялық және кластерлік талдаулар лицензиялық, орыстандырылған SPSS компьютерлік бағдарламасының (21-нұсқа) көмегімен жүзеге асырылды.

1.2.5. Ақпаратты талдау әдістері

Бастапқы әлеуметтік ақпаратты талдаудың негізгі әдістеріне мыналар жатады:

- 1) деректерді бір өлшемдік талдау;
- 2) деректерді екі өлшемдік талдау;
- 3) корреляциялық талдау.

Зерттеу кезеңі: 2018 жылғы мамыр-маусым айлары.

II-БӨЛІМ. ӨМІРГЕ ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫҢ ӨЗЕКТІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Проблема.

Өмірге қанағаттанушылық бұл адамның әлеуметтік хал-жайын өлшейтін өлшемдердің бірі. Оның негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейі, әлеуметтік жағдайлардың қолайлылық деңгейі, айналасындағы әлем туралы өз тәжірибесінен туындайтын субъективті пікірі болып табылады. Жастардың өміріне қанағаттанушылық дәрежесі оның әлеуметтік белсенділік деңгейіне, мемлекет саясатына көзқарасына әсер етеді, сондай-ақ оның наразылық әлеуетінің деңгейін тікелей анықтайды. Осы зерттеудің шеңберінде жастардың қанағаттанушылығы жастардың жекелеген өмір аспектілеріне, оған қоса білім беру сапасына, бос уақыттың өткізілуіне қанағаттанушылығы, тұрғылықты жерлерінде өзекті проблемалардың болуы, сондай-ақ жұмыспен қамту саласындағы қиындықтардың анықталуы арқылы зерттелді.


Нәтижелері.

2.1. Жастардың өмірдің жекелеген аспектілеріне қанағаттанушылығы

Алынған деректерге жасалған талдау жас қазақстандықтардың басым бөлігінің (92 %) белгілі бір дәрежеде өміріне қанағаттанатынын көрсетті. «Сіз, жалпы, қазіргі сүріп жатқан өміріңізге қанағаттанасыз ба?» деген сұраққа олардың 54,5 %-ы толығымен қанағаттанамыз, ал тағы 37,5 %-ы – жоқ емес, қанағаттанамыз деп жауап берді (1-сурет).

1-сурет

«Сіз, жалпы, қазір сүріп жатқан өміріңізге қанағаттанасыз ба?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, (%)



Оңтүстік Қазақстан облысының (қазіргі Түркістан облысының) жастары өздерінің өмірімен қанағаттанған (жауаптардың жиынтық мәні 98,3 %-бен «толығымен қанағаттанған» және «қанағаттардырарлық»), Атырау, Шығыс Қазақстан (97,1 %) және Жамбыл (95,1 %), %). Солтүстік Қазақстандағы ең кіші (бірдей жиынтық мәні 71,2 %) және Батыс Қазақстан (78,6 %) облыстары олардың өміріне қанағаттанудың ең төменгі деңгейін көрсетеді.

Әртүрлі жас санаттарындағы жастардың арасында өз өміріне қанағаттанушылық дәрежесінің арасында, жалпы, айтарлықтай айырмашылық жоқ – өз өміріне толық қанағаттанатын және қанағаттанамын дей алатын жастардың жиынтық көрсеткіші, сәйкесінше жастардың үш жас санаттарында (14 жастан 18 жасқа дейін, 19 жастан 23 жасқа дейін, 24 жастан 28 жасқа дейін) 93,6 %, 91,3 % және 91,3 % құрады. Сұхбаткерлердің жынысы бойынша да айтарлықтай айырмашылық жоқ – қанағаттанатындардың жиынтық көрсеткіші жас ерлердің арасында 90,7 % құраса, әйелдер арасында 93,2 % жетті.

Ұлыстар бөлігіндегі, корреляцияларға жасалған талдауда қазақ этносының жастары көбінесе өз өміріне қанағаттанатынын көрсетті – қанағаттанатындардың жиынтық көрсеткіші бойынша 93,2 %. Басқа этникалық топтар арасындағы көрсеткіш аздап төмен (қазақтар мен орыс ұлттарын қоспағанда) – 89,9 %, орыс ұлты өкілдерінің арасында – 88,8 %.

Жастардың осы зерттеуде көрсетілген өз өміріне қанағаттанушылық дәрежесінің 92 % деңгейінде тұрғанын айта кету керек, ол толық қанағаттанатындардың және қанағаттанамын дей алатындардың жиынтық көрсеткіші 91,4 % құраған, былтырғы 2017 жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ.

Деректер жастардың өз өміріне қанағаттанушылық дәрежесінің материалдық жағдайының деңгейімен тығыз корреляцияланатынын көрсетті. Мысалы, толығымен молшылықта өмір сүріп, қаражат жағынан шектелмегендердің (адамның өзінің пікірі бойынша) арасындағы жиынтық көрсеткіш («Толығымен қанағаттанамын» және «Қанағаттанамын дей аламын» деп жауап бергендер) 96 %-ға тең. Бұл көрсеткіш ақшасы тек азық-түлікке ғана жететін, бірақ киім-кешек алуға мүмкіндігі жоқ жастардың арасында 77,4 %-ға және кейде тіпті азық-түлікке де ақшасы жетпейтіндердің арасында 65 %-ға жетіп, бара-бара төмендейді.

Өмірлерінің барлық жағын алғанда жастар айналасындағы адамдармен (отбасымен, достарымен, әріптестерімен) қарым-қатынастар (60,6 %-ы толығымен қанағаттанады) және өз денсаулығының күйі (44,7 %) сияқты салаларға көбірек қанағаттанады. Еліміздің жастарының аса қанағаттанбайтын жастар өмірінің ең күрделі жақтары экологиялық жағдай (8,0 %) және тұрғылықты жерлеріндегі медициналық қызмет көрсету сапасы (6,1 %) болып табылады.

«Өтінеміз, Сіздің өз өміріңіздің төмендегі жақтарына қаншалықты қанағаттанатыныңызды бес балдық межелікпен бағалаңыз», («толығымен қанағаттанамын» және «мүлде қанағаттанбаймын» жауап нұсқаларын таңдап алғандар, %-бен)


	Толық қанағаттанамын	Мүлде қанағаттанбаймын
Отбасының материалдық жағдайы	41,6	2,4
Жұмыс / жұмысқа орналасу мүмкіндіктері	26,9	5,1
Бос уақытты өткізу сапасы	33,5	2,5
Өз денсаулығының күйі	44,7	1,5
Қаладағы / ауылдағы медициналық қызмет көрсету	22,8	6,1
Қаладағы / ауылдағы экологиялық жағдайы	26,4	8,0
Қойылған мақсаттарға жету мүмкіндіктері	27,1	2,9
Тұрғын үй жағдайлары	36,6	3,8
Алынған / алынып жатқан білім	35,9	2,1
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету сапасы	36,3	2,0
Айналасындағы адамдармен (отбасымен, достарымен, әріптестерімен) қарым-қатынастары	60,6	0,7

Егер жиынтық көрсеткіштерді («Толығымен қанағаттанамын» және «Қанағаттанамын дей аламын» жауап нұсқаларын таңдап алғандардың үлесі) талдайтын болсақ, еліміздің жастарының көбірек қанағаттанатын салалар бестігіне: айналасындағы адамдармен (отбасымен, достармен, әріптестермен) қарым-қатынастары (жиынтық көрсеткіш 86,2 % тең), өз денсаулығының күйі (76,2 %), алған / алып жатқан білімінің сапасы (73,6 %), отбасының материалдық жағдайы (73,3 %) және қауіпсіздікті қамтамасыз ету сапасы (72,5 %) кіреді.

Жастар өмірінің ең күрделі салалар бестігіне (Мүлде қанағаттанбаймын» және «Қанағаттанбаймын дей аламын» жауаптарының жиынтық көрсеткішінің ең жоғары мәні бойынша): қаладағы / ауылдағы экологиялық жағдай (18,9 %), қаладағы / ауылдағы медициналық қызмет көрсету (15,1 %), жұмыс / жұмысқа орналасу мүмкіндіктері (14,7 %), қойылған мақсаттарға жету мүмкіндіктері (10,9 %) және тұрғын үй жағдайлары (10,1 %) жатады.

Еліміздің жастары өз өміріне аз қанағаттанатын аймақтарын анықтау және осы жастарды зерттеудің шеңберінде мемлекеттік жастар саясатына тиісті түзетулерді енгізу мақсатымен олардың өз елді мекендерінің дамуына қаншалықты қанағаттанатыны туралы сұраққа жауап алу көзделді (2-сурет).

«Сіздің елді мекеніңіздің жалпы қалай дамып жатқанына Сіз қаншалықты қанағаттанасыз?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, (%-бен)



Деректер жастардың 84,1 %-ң белгілі бір дәрежеде өз тұрғылықты жерлерінің дамуына қанағаттанатынын көрсетті («Толығымен қанағаттанамын» және «Қанағаттанамын дей аламын» жауаптарының жиынтығы). Сәйкесінше, жастардың 14,3 % белгілі бір дәрежеде өз өңірінің дамуына қанағаттанбайды. 2016 жылы жастардың тұрғылықты жеріндегі өміріне қанағаттануының жиынтық көрсеткіші 79,2 % құраған.

Еліміздің жастары өз тұрғылықты жерінің дамуына көбірек қанағаттанатын өңірлерінің ішінде Оңтүстік - Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы) алда тұр. Пікір сұралған жастардың 95,8 %-ы «Толығымен қанағаттанамын» немесе «Қанағаттанамын дей аламын» жауап нұсқаларын таңдап алды. Сонымен қатар бұл жиынтық көрсеткіш Астана (93,2 %) және Алматы (92,2 %) қалаларында алда тұр. Басқаларға қарағанда жастары өңірінің дамуына қанағаттанбайтын өңірлерге Қызылорда (65,9 %), Батыс-Қазақстан (70 %) және Қостанай (70,3 %) облыстары жатады.

Қалалық және ауылдық тұрғындардың арасында өз елді мекенінің дамуына қанағаттану дәрежесінде айтарлықтай айырмашылық бар. Мысалы, қалалық жастардың 90 %-ы белгілі бір дәрежеде өз елді мекенінің дамуына қанағаттанады, ауылдарда бұл көрсеткіш 76,5 % құрайды.

Әртүрлі жастағы жастардың санасында өз елді мекенінің дамуына қанағаттану дәрежесінде айырмашылық аз – қанағаттанушылықтың жиынтық көрсеткіші жастардың үш жас санаттарында сәйкесінше 85 %, 85,3 % және 82,6 % тең.

2.2. Жастардың білім беру сапасына, жастардың дамуына және бос уақытты өткізуге жасалатын жағдайларға қанағаттанушылық дәрежесі

Жас ерекшеліктеріне байланысты жастардың ең маңызды қажеттіліктерінің бірі дамуға, сапалы білім алуға және бос уақытты өткізуге жеткілікті жағдайлардың жасалуына қажеттіліктері болып табылады. Сауалнамада келтірілген сапасын бағалау ұсынылған төрт білім сатыларының ішінде жас қазақстандықтар толығымен сапалы деп тек қана орта білімді көрсетті. Одан кейінгі сатыларға қатысты белгілі себептермен пікір сұралғандардың тек бір бөлігі ғана оң баға берді, қалғандары (келесі оқыту сатыларын білмейтіндер) «Жауап беруге қиналамын» жауап нұсқасын таңдап алды.

Алынған мәліметтерге сәйкес, жас қазақстандықтардың басым бөлігі белгілі бір дәрежеде алынған немесе қазіргі сәтте алып жатқан жалпы орта біліміне қанағаттанатынын көрсетті - «Толығымен қанағаттанамын» және «Қанағаттанамын дей аламын» жауаптар қосындысы бойынша жиынтық көрсеткіш 77,7 % тең.

Жастардың жалпы орта білім сапасына қанағаттанушылық дәрежесіне жасалған аймақтық талдау, оның Оңтүстік – Қазақстан (қазіргі Түркістан облысы) (95,5 %), Шығыс - Қазақстан (92,6 %) облыстарының, Астана қ. (88,9 %) жастарында ең жоғары екенін көрсетті. Аталған үш аймақтан басқа жастардың мектеп білімінің сапасына қанағаттанушылығының жиынтық көрсеткіші басым аймақтарда орташа шамадан 73 %-ға артық. Бұл көрсеткіштің ең төмен мәні Маңғыстау облысында байқалды – «Толығымен қанағаттанамын» және «Қанағаттанамын дей аламын» жауаптарының жиынтық көрсеткіші 10,7 % құраса, бұл өңірдегі сұхбаткерлердің негізгі пайызы бағалау кезінде бейтарап деп бағалауға болатын орташа мәнді таңдап алды (54,7 %). Сонымен қатар, орташадан айтарлықтай төмен көрсеткіш Қызылорда облысында белгіленді (61,5 %) (3-кесте).

3-кесте

«Сіз алынған / алынып жатқан білімнің сапасына қанағаттанушылық дәрежесіне қанағаттанатыныңызды бағалаңыз: жалпы орта білім» («Толығымен қанағаттанамын» және «Қанағаттанамын дей аламын» жауап нұсқаларының қосындысы, %-бен, өңірлер бойынша)


	%
Оңтүстік-Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы)	95,5
Шығыс-Қазақстан облысы	92,6
Астана қ.	88,9
Атырау облысы	87,0
Қарағанды облысы	81,4
Ақтөбе облысы	78,6
Солтүстік-Қазақстан облысы	76,9
Жамбыл облысы	74,0
Алматы облысы	73,7
Алматы қ.	72,0
Батыс-Қазақстан облысы	71,4

Қостанай облысы	70,3
Павлодар облысы	70,3
Ақмола облысы	68,4
Қызылорда облысы	61,5
Маңғыстау облысы	10,7

Осы зерттеудің міндеттерінің бірі жастардың тұрғылықты жерлеріндегі өзін өзі дамытуға жасалған жағдайлар туралы пікірін анықтау болып табылды. Алынған деректер, жалпы алғанда, еліміздің жастарының олардың қалаларында, ауылдарында жасалған жағдайларға қанағаттанатынын көрсетті – оларға белгілі бір дәрежеде қанағаттанатындардың саны (67,8 %) қанағаттанбайтындардың санынан (29,6 %) екі еседен артық жоғары екенін көрсетті (3-сурет).

3-сурет

«Қалай ойлайсыз, Сіздің қалаңызда / ауылыңызда қазіргі уақытта жастардың дамуы үшін жеткілікті жағдай жасалған ба?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, (%-бен)



Корреляцияларға жасалған талдау жастардың өз дамуы үшін жасалатын жағдайларға қанағаттану дәрежесінің жас шамасына қарай өзгеретінін көрсетті. Мысалы, жастардың екі кіші санаттарындағы (14 жастан 18 жасқа дейін және 19 жастан 23 жасқа дейін) қанағаттанушылықтың жиынтық көрсеткіші сәйкесінше 70 % және 70,7 % тең болса, жоғары жас санатында ол біршама төмен – 64,2 % .


Белгілі бір дәрежеде қанағаттанатындардың жиынтық көрсеткіші орташа, яғни 67 % бола тұра, ел аймақтарында жастар өздерінің дамуы үшін жасалатын жағдайларға жоғары дәрежеде қанағаттанатыны көрінеді. Ондай көшбасшы аймақтарға: Астана қ. (93,2 %) және Қызылорда облысы (83,5 %) жатады. Жастардың өз дамуы үшін жасалатын жағдайларға қанағаттану

пайызы ең төмен аймақтарға Павлодар облысы (45,9 %) және Алматы облысы (56,9 %) жатады.

Жастардың тұрғылықты жерлеріндегі бос уақытты өткізу мекемелерінің жұмысына қанағаттанушылық дәрежесі туралы айтар болсақ, алынған мәліметтерге сәйкес жастардың 66,5 %-ы, тұрғылықты жерлеріндегі бос уақыттың ұйымдастырылуына қанағаттанады. Мұндай бос уақыт өткізетін мекемелерге оқушылар мен жастар үйлері немесе сарайлары, өнер мектептері, спорт сарайлары, БЖСМ және басқалар жатады. Алайда, іс жүзінде әрбір жас қазақстандық (20,5 %) өз қаласындағы немесе ауылындағы бос уақыт өткізу орталықтарының қызметіне қанағаттанбайды. Егер де мекемелерге бармаймыз деп жауап бергендердің 6,6 %-ын және тұрғылықты жерлерінде бос уақыт өткізетін мекемелер жоқ деп жауап бергендердің 4,1 % қосқанда, еліміздің жас тұрғындарының 31,2 %-ң сапалы бос уақыт өткізуге мүмкіндігі жоқ екендігін көреміз (4-сурет).

4-сурет

«Сіздің қалаңызда / ауылыңызда орналасқан бос уақыт өткізу мекемелерінің (оқушылар мен жастар үйлері, сарайлары, өнер мектептері, спорт сарайлары, БЖСМ, спорт орталықтары және т.б.) сапасына және жұмысына қанағаттанасыз ба?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі (%-бен)



Қанағаттанушылықтың жиынтық көрсеткішінің мәні орташа, яғни 66,5 % тең болған жағдайда («Толығымен қанағаттанамын» және «Қанағаттанамын дей аламын» жауаптарының қосындысы) ол аймақтар бойынша аз өзгереді. Мысалы, бұл көрсеткіш Ақмола және Шығыс - Қазақстан облыстарында (75 %-дан) және Маңғыстау облысында (74,7 %) ең жоғары, ал Жамбыл (52,8 %), Қостанай (54,9 %) және Алматы (56,5 %) облыстарында ең жоғары болып табылады.

Жас шамалары қимасында корреляцияларға жасалған талдау жастардың тұрғылықты жерлері бойынша бос уақыт өткізу мекемелеріне қанағаттанушылық деңгейінде ерекше айырмашылықтарды анықтаған жоқ,


жастардың барлық үш жас санаттарындағы жиынтық көрсеткіштің айырмашылығы 3 % аспайды.

Өзінің тұрғылықты жеріндегі бос уақыт сервисіне қанағаттанушылыққа берілген бағадағы аздаған айырмашылықтарды жастар әртүрлі этникалық қатыстылығымен көрсетеді. Жиынтық көрсеткіші 66,5 % болған жағдайдағы құрайтын қазақ жастары (68,6 %) ең жоғары көрсеткішті көрсетіп отыр. Орыс ұлтты жастарында ол 65,5 %-ды, басқа этностың жастары – 57,3 % құрайды.

Тұрған жеріне – ауылда немесе қалада тұрған жеріне қарай қанағаттанушылықтың жиынтық көрсетіштері шамамен 20 %-ға ерекшеленеді. Мысалы, мәліметтер бойынша, қала жастарының арасында бос уақыт өткізу мекемелерінің жұмысына қанағаттанатындардың үлесі мемлекет бойынша орташа шамадан 10 %-ға артық және 75,2 % құрайды. Керісінше, ауыл тұрғындары жалпы мемлекет бойынша бос уақыт орындарының сапасына 10 %-ға төмен қанағаттанады, ауыл жастарының 55,3 %-ы белгілі бір дәрежеде олардың жұмысына қанағаттанады. Сонымен қатар, ауыл тұрғындарының арасында пікір сұралған жастардың 9,2 %-ы бос уақыт өткізу мекемелері болмағандықтан оларға бармайтынын көрсетті (5-сурет).

5-сурет

«Сіздің қалаңызда / ауылыңызда орналасқан бос уақыт өткізу мекемелерінің (оқушылар мен жастар үйлері, сарайлары, өнер мектептері, спорт сарайлары, БЖСМ, спорт орталықтары және т.б.) сапасына және жұмысына қанағаттанасыз ба?», (халықтың типіне қарай %-бен)



2.3. Жастардың тұрғылықты жерлеріндегі өзекті проблемалары

Жастардың әлеуметтік хал-жайының өлшемдерінің бірі тұрғылықты жерлердегі басты проблемаларды айқындау және олардың өзектілік дәрежесін анықтау болып табылады. Сауалнамада ұсынылған қазіргі қазақстандық жастар үшін ең өзекті проблема экономикалық проблемалар – азық-түлік өнімдеріне бағалардың қымбат болуы, табыс деңгейінің төмендігі және жұмыспен қамтуға байланысты проблемалар болып шықты. Бұл

проблемаларды пікір сұралған жастардың 60,0 % астам («Өте өзекті» және «Өзекті десе болады» жауаптарының қосындысы) бөлігі өзекті етіп көрсетті. Бұл қазіргі қазақстандық жастардың басым бөлігінің жұмыспен қамту кезінде, күнделікті сұранысы бар ең маңызды тауарларды сатып алуда қиындықтарды бастан кешіретінін көрсетеді (4-кесте).

4-кесте

«Аталған проблемалардың Сіздің қалаңыздың / ауылыңыздың жастары үшін қаншалықты өзекті екенін бас балдық межелік бойынша бағалаңыз» сұрағына жауаптарды үлестіру («Өте өзекті» және «Өзекті десе болады» жауабының нұсқаларының қосындысы бойынша, %-бен)

	%
Азық-түлік тауарларына, халық тұтынатын тауарларға жоғары бағалар	67,6
Табыс деңгейінің төмендігі (төмен жалақы, шәкіртақы және т.б.)	66,6
Жұмыспен қамтуға байланысты проблемалар, жұмыссыздық	63,8
Жоғары білімнің қол жетпестігі (қымбаттығы)	62,6
Нашақорлық, уытқұмарлық, маскүнемдік және темекі тарту	45,0
Жастар мәдениетінің төмендігі, рухсыздығы	39,4
Жастардың бос уақыт өткізуіне байланысты проблемалар, бос уақыт өткізу орындарының болмауы	37,6
Медициналық орталықтарда, емханаларда салалық мамандардың жетіпсеушілігі	37,6
Ертеңгі күнге сенімділіктің болмауы	36,6
Жастар арасындағы қылмыстылық	36,3
Жеке өмірінің ретке келтірілмегендігі	35,3
Жастар ортасындағы діни экстремизм	35,2
Ата-аналарымен / оқытушыларымен / аға буынмен жанжалдар, туыстары мен жақындарының түсінбеуі	30,4
Жеке қауіпсіздігіне қауіптің төнуі (көшеде жүруге қорқуы және т.б.)	29
Мектепке дейінгі және мектеп жасында тәрбие беру орталықтарының әлсіз ұйымдастырылуы	28,1
Әлеуметтік және психологиялық қызметтердің, сенім телефондарының болмауы	27,2
Жоғары жылдамдықты Ғаламторды, сапалы ұялы байланысты пайдалану мүмкіндігінің болмауы	26,8
Мамандандырылған дүкендердің, спорттық керек-жарақтар мен тауарларды сататын бөлімдердің болмауы	26,2

Егер 2017 жылы өткізілген әлеуметтік зерттеулердің мәліметтерін назарға алатын болсақ, еліміздің жастары үшін ең өзекті мәселелер бестігінің өзгермегенін байқауға болады.

Жас шамалары қимасында корреляцияларға жасалған талдау бірқатар проблемалардың өзектілігінің жастардың жасы ұлғайған сайын жоғарылап жатқанын көрсетті. Ең алдымен, бұл табыс деңгейінің төмендігімен, жұмыспен қамтуымен және бірінші дәрежедегі маңызы бар азық-түліктерге

бағаның жоғары болуымен байланысты проблемаларға қатысты. Сонымен қатар, жас ұлғайған сайын жастар үшін ең маңызды проблемалар жастар мәдениеті деңгейінің төмен болуы, зиянды әдеттерді теріс пайдалануы және медициналық қызмет көрсету деңгейінің төмен болуы есептеледі.

Деректерге жасалған аймақтық талдау жастар үшін әлеуметтік проблеманың өзектілік дәрежесінің жоғары болуы мен олардың мекендеу аймағының арасында байланыстың бар екенін көрсетіп отыр. Мысалы, жоғары білімге қол жетпеушілік проблемасы ең алдымен елорданың, Атырау және Маңғыстау облыстарының – 63,2 %, 58,0 % және 50,7 % осы проблеманы өте өзекті деп атаған жастары үшін маңызды болып табылады. Әсіресе, табыс деңгейінің төмен болуы проблемасы Астананың (74,4 %), Атырау (62,3 %) және Алматы (52,2 %) облыстарының жастары үшін өзекті болып отыр. Ең маңызды азық-түлік өнімдеріне бағалардың жоғары болуын өте өзекті проблема деп санайтын жастардың саны бойынша көшбасшы - аймақтар үштігіне Астана қ. (82,1 %), Маңғыстау облысы (68,0 %) және Атырау облысы (66,7) жатады. Басқаларға қарағанда, жұмыспен қамтуға байланысты проблема Астана қаласында (73,5 %) және Маңғыстау облысында (73,3 %) тұратын жастар үшін өзекті болып табылады. Мәдениет деңгейінің төмендігін, жастардың рухсыздығын Астананың (65,8 %) және Атырау облысының (52,2 %) жастары өзекті деп көрсетті.

Әртүрлі ұлыстың жастары үшін әртүрлі әлеуметтік проблемалардың өзектілік дәрежесін сезінуде аздаған айырмашылықтар байқалды. Басқа ұлт жастарына қарағанда қазақтарды жоғары білімге қол жетпеушілік (қазақ жастарының 36,8 %-ы, орыс ұлтты жастарының ішінде 29,4 %-ы, басқа ұлыстар жастарының ішінде 33,3 %-ы бұл проблеманы өте өзекті деп атады), азық-түлік өнімдеріне бағалардың жоғары болуы проблемалары (қазақтардың ішінде 46,4 %, орыс ұлттылардың ішінде 39,3 %, басқалардың ішінде 41,6 %), жұмыссыздық проблемалары (сәйкесінше 42,5 %, 28,6 % және 39,7 %), жастардың мәдениет деңгейінің төмендігі, рухсыздығы (сәйкесінше 21,6 %, 16,3 % және 13,9 %), жастар ортасындағы діни экстремизм (сәйкесінше 20,2 %, 9,1 % және 11,6 %) көбірек толқытады. Орыс ұлтты жастарын, басқа ұлыстар өкілдеріне қарағанда, медициналық орталықтарда, емханаларда салалық мамандардың жетіспеушілігі (орыс ұлтты жастардың ішінде 24,1 %-ы, қазақтардың ішінде 18,7 %-ы, басқа ұлыстар ішінде 18,0 %-ы ны өте өзекті деп атады) және әлеуметтік, психологиялық қызметтердің, сенім телефондарының жетіспеушілік проблемасы (сәйкесінше 13,6 %, 12,4 % және 10,5 %) көбірек толқытады.

2.4. Жастардың жұмыспен қамту саласындағы проблемалары


Жастарды толқытатын барлық проблемалардың ішінде зерттеуде жұмыспен қамту саласындағы проблемаларға ерекше көңіл бөлінді. Алынған мәліметтерге сәйкес, жастардың 42,2 %-ы еңбек нарығында күрделі проблемаларға ұшырайды, үнемі жұмыспен қамту проблемаларына тап болады. Жастардың тағы 30,5 %-ы өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасуда қиындықтарға жолығады, яғни қазақстандық жастар үшін

«дипломды жұмыссыздық» деп аталатын проблеманың жоғары өзектілігін растайды. Шамамен әрбір он бірінші пікір алынған жас адам (8,5 %) «Менің қаламның / ауылымның жастарында жұмысқа орналасуға байланысты проблемалары жоқ» жауап нұсқасын таңдап алып, жұмыспен қамту саласында ешқандай проблемаларының жоқтығын көрсетті (6-сурет).

Мәліметтер көбінесе жұмыспен қамту проблемаларына 24 жастан 28 жасқа дейінгі жастардың (осы жастағы пікір сұралғандардың 48,5 %-ы) тап болатынын көрсетті. Оны осы жас санатының оқу орнын аяқтаған соң белсенді түрде жұмыс істейтіндер қатарына жататынымен оңай түсіндіруге болады. Жастардың еңбек нарығындағы осалдығы туралы түсінігі мен басқа әлеуметтік-демографиялық сипаттамалардың – жынысының, тұрғылықты жерінің, табыс деңгейінің және басқалардың арасында қандай да бір маңызды тәуелділік байқалған жоқ.

6-сурет


«Қалай ойлайсыз, Сіздің қалаңыздың / ауылыңыздың жастары жұмыс іздеумен және жұмысқа орналасумен байланысты қиындықтарға тап бола ма?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, (%-бен)



- Иә, жастар үнемі жұмысқа орналасу проблемаларына тап болады
- Жастар мамандығы бойынша жұмысқа орналасу кезінде қиындықтарға тап болады. Кәсіби дағдыларсыз жұмыс табу қиын емес
- Менің қаламның/ауылымның жастарының жұмысқа орналасуға байланысты проблемалары жоқ
- Мен оқып жатырмын, жұмыс іздеп жатқан жоқпын және жұмыс істеуде, жұмысқа орналасуда тәжірибем жоқ
- Жауап беруге қиналамын

Жастардың басым бөлігінің пікіріне сәйкес, қажет болған жағдайда жұмысты іздеу кезінде олардың белгілі бір, соның ішінде жасына байланысты қиындықтары туындайды. Пікір сұралған жастардың 29,9 %-ы жаңа жұмыс орнын іздеудің жастар үшін үлкен проблема екеніне сенімді. Әрі кетсе, жұмысты жарты жылдың ішінде табуға болады. Тағы 29,5 %-ы жұмыс іздеудің белгілі бір қиындықтарды туғызатынына қарамастан, оны үш айдың ішінде табуға болатынына сенімді. 13,9 %-ы қажет болған жағдайда өздеріне лайық жұмысты қысқа мерзімнің ішінде таба алатынына сенеді (7-сурет).

«Сіз жұмыссыз қалған жағдайда Сіздің пікіріңіз бойынша өзіңізге лайықты жұмысты қаншалықты тез таба аласыз?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)



Бөлім бойынша қорытындылар:

1. Жалпы, Қазақстан жастарына оптимистік көңіл-күйлер мен өміріне жоғары субъективті қанағаттанушылық деңгейі тән. Жас қазақстандықтардың басым бөлігі (92 %) белгілі бір дәрежеде өз өміріне қанағаттанады. Өртүрлі жас санаттарындағы жастардың арасында өз өміріне қанағаттанушылық дәрежесінде айтарлықтай айырмашылық жоқ.

2. Өмірге қанағаттанушылық дәрежесі этникалық қатыстылығына байланысты – өз өміріне көбінесе қазақ жастары қанағаттанады (93,2 %), сондай-ақ өмірге қанағаттанушылық деңгейі материалдық әл-ауқаттылық деңгейімен тығыз байланысты.

3. Еліміздің жастарының көбірек қанағаттанатын салалар бестігіне: айналасындағы адамдармен («Толықтай қанағаттанады» және «Қанағаттандырарлық» жауаптарының жиынтығы) (отбасымен, достармен, әріптестермен) (86,2 %), қарым-қатынастарына кіреді, өз денсаулығының жағдайы (76,2 %), алған / алып жатқан білімінің сапасы (73,6 %), отбасының материалдық жағдайы (73,3 %) және қауіпсіздікті қамтамасыз ету сапасына жатады (72,5 %).

4. Жастардың проблемалық тіршілік ету салаларының бестігіне («Толықтай қанағаттанады» және «Қанағаттандырарлық» жауаптарының жиынтығы): қаладағы / ауылдағы экологиялық жағдай (18,9 %), медициналық қызмет көрсету (15,1 %), жұмыс / жұмысқа орналасу мүмкіндіктері (14,7 %), қойылған мақсаттарға жету мүмкіндіктері (10,9 %) және тұрғын үй жағдайлары жатады (10,1 %).

5. Еліміздің пікір сұралған жастарының 80 %-нан астам бөлігі белгілі бір дәрежеде өздерінің тұрақты тұрғылықты жерлерінің дамуына қанағаттанады. Қала және ауыл тұрғындарының арасында өз елді мекенінің дамуына қанағаттанушылық дәрежесінде айтарлықтай айырмашылықтар бар. Қала жастарының көбшілігі өзінің тұрған жерінің дамуына қанағаттанады (90 % қанағаттанады, ауылдық жердің 76,5 % қанағаттанбайды). Тұрған жеріне – қаласына немесе ауылына қарай қанағаттанушылықтың жиынтық көрсеткішінің мәндері бір бірінен шамамен 20 %-ға өзгешеленеді.

6. Жас қазақстандықтардың 75 % астам бөлігі белгілі бір дәрежеде алған немесе қазіргі кезде алып жатқан жалпы орта біліміне қанағаттанады.

7. Жастарға дамуы үшін жасалатын жағдайларға көбірек қанағаттанатын көшбасшы - өңірлерге Астана қ. (93,2 %) және Қызылорда облысы (83,5 %) жатады. Өздерінің дамуы үшін жасалып жатқан жағдайларға қанағаттанушылық пайызы ең төмен өңірлерге Павлодар (45,9 %) және Алматы (56,9 %) облыстары жатады.

8. Қазіргі қазақстандық жастар үшін ең өзекті проблема – экономикалық проблема болып табылады – азық-түлік өнімдеріне жоғары бағалар (67,6 %), табыс деңгейінің төмендігі (66,6 %) және жұмысқа орналасумен байланысты (63,8 %) проблемалар. Жастардың 40 % жуық бөлігі жұмыспен қамту проблемаларына тап болады. Олардың тек 13,9 % ғана қажет болған жағдайда аз уақыттың ішінде өздеріне лайық жұмысты таба алатынына сенімді.

9. Астана еліміздің жастары әлеуметтік проблемалардың толғандыратынын көрсететін өңірлерінің ішінде көшбасшы болып келеді. Оған қала тұрғындарының өз тұрғын үйінің және тұрақты жұмысының болмауы себебінен әлеуметтік қиындықтар алдындағы осалдығы себепші болып отыр. Негізінен, бұл Астанаға жақында көшіп келген ауыл және басқа қалалар мигранттарына қатысты. Сонымен қатар, Астана жастарындағы әлеуметтік проблемалардың өзектілік дәрежесінің жоғары болуын астаналық жастардың бастапқы жоғары талаптануымен түсіндіруге болады.

Ұсынымдар:

1. Жастардың ең өзекті проблемаларының қатарына жұмыспен қамту, жұмыссыздық проблемалары жататынын ескерсек, жастар еңбек биржаларының, жастар ресурстық орталықтарының жұмыс іздеп жүрген жастарға көмек көрсетуге бағытталған жұмысын оңтайландыру қажет. Еңбек нарығында жастарға қолдау көрсетуге маманданатын жастар ұйымдарының жүйелі жарнама кампаниясына арнайы көңіл бөлу қажет, себебі жастар олардың жұмысының бағыттары туралы көп білмейді.

2. Жастардың алған мамандығы бойынша жұмыс іздеу проблемасы айтарлықтай өзекті болып табылатынын, ЖОО және оқу мамандығын «кездейсоқ» таңдау проблемасын «ашатынын» ескере отырып, елімізге қажетті мамандықтарға жыл сайын мониторинг жүргізуге бағытталған елімізде кәсіпке бағытталған жұмыс тұжырымдамасын әзірлеу, бұл ақпаратты ата-аналар мен талапкерлерді таныстыруға мүмкіндік болу үшін ашық

дереккөздерде жариялау, мектептердің бітіруші сыныптарында жеке ерекшеліктерін және белгілі бір мамандықтарға бейімділіктерін анықтау ұсынылады.

III-БӨЛІМ. ЖАСТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫНА КӨЗҚАРАСЫ

Проблема.

Жастардың осы зерттеудің шеңберінде мемлекеттік жастар саясатына көзқарасы жастардың мемлекеттік органдардың қызметі туралы хабардарлық деңгейін талдау, мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпараттылық дәрежесін қарау және жастардың жастар саясатының іске асырылуына қанағаттанушылық дәрежесін анықтау арқылы зерттелді.


Нәтижелер.

3.1. Жастардың жастар саясатын іске асыратын жекелеген мемлекеттік органдардың қызметі туралы хабардарлық деңгейі және оны бағалау

Осы зерттеудің міндеттерінің бірі жастардың жастар саясатын іске асыру үшін жауапты мемлекеттік органдардың қызметі туралы хабардарлық деңгейін анықтау болды. Жастарға олардың Жастар ресурстық орталықтары, Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Жастар саясаты департаменті және әрбір жеке облыстың / қаланың жастар саясаты мәселелерімен айналысатын Басқармасы сияқты мемлекеттік органдардың жұмысымен қаншалықты таныс екенін көрсету және оларды бағалау ұсынылды. Бағалау үшін ұсынылған Қазақстанда мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыратын үш мемлекеттік органның ішінен мемлекет жастарына Жастар ресурстық орталықтарының жұмысы көбірек таныс – жастардың шамамен 50 %-ы белгілі бір дәрежеде онымен таныс (8-сурет).

8-сурет

«Сіздің ауданыңыздың / қалаңыздың / облысыңыздың Жастар ресурстық орталықтарының (ЖРО) жұмысы туралы Сіз білесіз бе, айтыңызшы?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)



Олардың ішінде жастардың тек 6 %-ы ғана ЖРО туралы оған жеке жүгінгенін, естігенін білген. Тағы 20,6 %-ы ЖРО қызметі туралы білетінін

айтты, бірақ оған ешқашан жүгінбегенін көрсетті. 18,8 %-ы ЖРО туралы аздап естіген немесе оқыған. Соңғы санат ЖРО қызметі туралы аз ақпараттандырылған және негізінен, ақпараттандырылғандар қатарына кіре алмайды, себебі Қазақстан халқының басым бөлігі ЖРО жұмысы туралы ешнәрсе білмесе де, өмірінде бір рет болса да ол туралы естіген. Пікір сұралған жастардың 52,0 % астам бөлігінің ЖРО қызметі туралы бір де бір рет естімегені қауіп тудырады.

Соңғы үш жылдың ішінде (2016 жылдан бастап) ЖРО қызметі туралы білмейтін (естімеген) жас қазақстандықтар санының бір деңгейде сақталып тұрғанын айта кету керек 2016 жылы олар 53,0 %, 2017 жылы – 50,5 %, 2018 жылы – 52,1 % құрады.

ЖРО жүгіну тәжірибесі бар сұхбаткерлерге ЖРО қызметінің әртүрлі бағыттарының жұмысын «тиімді - тиімсіз» шкаласы бойынша бағалау ұсынылды. Өз тұрғылықты жерлеріндегі Жастар ресурстық орталықтарының барлық қызмет бағыттары бойынша жұмысын бағалаған жастардың саны қанағаттанбайтындар (оны тиімсіз деп бағалағандар) санына 2,5 еседен артық мөлшерге асып кеткен (5-кесте).

5-кесте

«Өтінеміз, Сіздің ауданыңыздың / қалаңыздың / Сіздің облысыңыздың Жастар ресурстық орталықтарының ... саласындағы жұмысына баға беріңіз» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)


	Тиімді	Тиімсіз
Жастарға олар үшін іске асырылып жатқан мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалар туралы ақпарат беру	76,7	15,8
Кеңес беру (құқықтық, білім, тұрғын үй алу, жұмысқа орналасу, жас отбасыларға қолдау көрсету және т.б.) қызметтерін көрсету	65,0	23,3
Жастардың өзін-өзі дамытуы үшін ашық кеңістіктерді ұсыну (коворкинг-зон)	57,5	25,8
Өмірлік маңызы бар (жауапкершілік, байланысқа бейімділік, көшбасшылық, сыни ойлау, гендерлік теңдік және т.б.) дағдылар бойынша оқыту тренингтерін ұйымдастыру	67,5	24,2
Жастардың бастамалары мен идеяларына қолдау көрсету	60,8	25,0
Мақсатты топтармен (жұмыссыз, ауылдық, жұмысшы, студент жастармен, ерекше қажеттіліктері бар жас отбасылармен және т.б.) нақты жобалар мен бағдарламалар шеңберінде мекенжайлық жұмыс жасау	66,7	17,5

Мемлекет жастарының Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Жастар саясаты департаментінің жұмысы туралы ақпараттану көрсеткіші аздап төмен - ол 40,4 % құрайды. Ол жастардың тек 8,4 % ғана оның қызметі туралы білетінін сеніммен айтты,

32 %-ы ол туралы аздап естіген немесе оқыған болып шықты. Жас қазақстандықтардың 56,4 % ҚР ДИАҚМ Жастар саясаты департаментінің жұмысы туралы ештеңе білмейді екен (9-сурет).

9-сурет

«Сіз Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Жастар саясаты департаментінің жұмысы туралы білесіз бе?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)



Былырғы 2017 жылмен салыстырғанда Департаменттің жұмысы туралы ештеңе білмейтін жас қазақстандықтардың үлесі 2017 жылғы 59,3 %-дан ағымдағы жылы 56,4 % дейін шамамен 3 %-ға азайды.

ЖРО бағалау сияқты жастарға ҚР ДИАҚМ Жастар саясаты департаментінің қызметінің тиімділігін бағалау ұсынылды.

6-кесте

«Өтінеміз, Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Жастар саясаты департаментінің жұмысына ... бойынша баға беріңіз» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)


	Тиімді	Тиімсіз
Облыстық / қалалық басқармалардың жастар саясатының / ішкі саясаттың мәселелері бойынша жұмысын үйлестіру	83,9	6,5
Жастар ұйымдарымен өзара әрекеттесу	74,4	19,0
Ғылыми және әдістемелік әдебиетпен (кітаптармен, әдістемелік құралдармен, кітапшалармен және т.б.) қамтамасыз ету	66,1	23,2
Ақпараттық - түсіндіру жұмысы (БАҚ-да жариялау, жастармен кездесулер, ақпараттық кампаниялар)	70,2	20,8
Жастардың еріктілер қызметінің дамуына қолдау көрсету	64,9	22,0
Жастарға патриоттық тәрбие беру бойынша жұмыс	78,0	17,3

Біз жас респонденттердің Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Жастар саясаты департаментінің қызметімен жақсы таныс екенін, оның барлық бағыттар бойынша жұмысының тиімділігін жоғары бағалайтынын көріп отырмыз. Мәселе бұл бағалардың аталған мемлекеттік органға жүгіну тәжірибесі бар аздаған жас қазақстандықтардан алынғанында. Жастардың қалған бөлігі оның жұмысы туралы ештеңе білмейді және сондықтан да оны бағалай алмайды.

Жастардың тұрғылықты жері бойынша жастар саясатының / ішкі саясатының мәселелері жөніндегі Басқармасының жұмысына қатысты жағдай соған ұқсас. Алдыңғы екі жағдайда көрсетілгендей, аталған Басқармалардың жұмысы туралы көп ақпарат білетіндердің саны ол туралы мүлде білмейтіндерден аз («Иә, білемін» және «Аздап естігенмін, оқығанмын» жауаптарының қосындысы 40,4 % болса, мүлде естігендер 54,6 % құрады) (10-сурет).

10-сурет

«Сіз Сіздің облысыңыздың / сіздің қалаңыздың Жастар саясатының / ішкі саясаттың мәселелері жөніндегі Басқарманың жұмысы туралы не білесініңізді айтыңызшы?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, (%-бен)



2016 жылмен салыстырғанда, өз елді мекеніндегі Жастар саясатының мәселелері жөніндегі Басқарманың жұмысымен мүлде таныс емес жастардың үлесі айтарлықтай жоғарылаған жоқ – 2016 жылғы 53,4 %-дан 2018 жылғы 54,6 % дейін. Аталған Басқармалар жүргізетін халыққа өз мақсаттары мен іс-шараларын түсіндіру бағытында жасалатын жұмыс күш салуды талап етеді.

ҚР ДИАҚМ Жастар ресурстық орталықтарына және Жастар саясаты департаменттеріне ұқсас, жастар өңірлердегі Жастармен жұмыс жөніндегі басқармалардың жұмысын бағалау кезінде оң бағалар басым болды – олардың жұмысын тиімді деп бағалағандардың саны оның жұмысына барлық бағыттар бойынша қанағаттанбайтындардың санынан жоғары болды. Осындай Басқармалардың жұмысын жақсы білетін жас сұхбаткерлер олардың ұйымдық-тәжірибелік жұмысына (акциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, флэшмобтар өткізу және т.б.), сондай-ақ ақпараттық-түсіндіру жұмысына

(БАҚ-та жариялау, жастармен кездесулер, ақпараттық кампаниялар) ең жоғары баға берді (7-кесте).

7-кесте

«Сіздің облысыңыздың / Сіздің қалаңыздың жастар саясаты / ішкі саясат мәселелері жөніндегі Басқарманың жұмысына мына түрлер бойынша ... баға беріңіз» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)

	Тиімді	Тиімсіз
Ғылыми және әдістемелік әдебиетпен (кітаптармен, әдістемелік құралдармен, кітапшалармен және т.б.) қамтамасыз ету	65,3	28,9
Ақпараттық - түсіндіру жұмысы (БАҚ-нда жариялау, жастармен кездесулер, ақпараттық кампаниялар)	82,1	13,2
Ұйымдастыру - тәжірибе жұмысы (акцияларды, семинарларды, дөңгелек үстелдерді, флэшмобтарды және т.б. өткізу)	86,3	8,9
Жастардың мақсатты (ауылдық, жұмыссыз, маргиналды, жұмысшы, студенттік және т.б.) топтарымен жұмыс жасау	70,5	20,0
Жастардың жұмысбастылығына қолдау көрсету, жас отбасыларды қолдау және т.б.	71,1	21,6
Патриоттық тәрбие бойынша жұмыс	62,1	29,5
Жастармен бейресми кездесулер (базарлардағы, жатақханалардағы, құрылыс алаңдарындағы және т.б. сұхбаттар)	63,2	23,2

3.2. Жастарды қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы ақпараттандырылу деңгейі

Қоғам өмірінде жас азаматтардың әлеуметтік белсенділік түрлерінің бірі жастарды қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламаларға қатысу болып табылады. Мемлекет жастарының аталған бағдарламаларды іске асыруға қатысу деңгейі жастардың сол бағдарламалардың мақсаттары, олардың жастардың дамуы үшін ұсынатын мүмкіндіктері және оларға қатысу шарттары туралы ақпараттылық дәрежесіне тікелей байланысты.

Әлеуметтік сауалнамада ұсынылған және қазақстанда іске асырылатын жастарды қолдау жөніндегі 12 мемлекеттік бағдарлама және жобаның ішінен мемлекет жастары үшін «Болашақ» Халықаралық стипендиясы, «Дипломмен – ауылға!», «Жасыл ел», «Бизнестің жол картасы - 2020», «Нұрлы жер» және «Жастар тәжірибесі» сияқты жобалар ең таныс жобалар болды. Барлық алты бағдарлама бойынша олар туралы әртүрлі дәрежеде ақпараттандырылған жастардың саны олар туралы ешқашан естімегендер санынан жоғары болды. Сауалнамада көрсетілген барлық қалған алты бағдарлама бойынша олар туралы ешқашан естімегендердің саны 50 % асты (8-кесте).

«Жастарды қолдау бойынша қандай мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы естідіңіз, олар туралы білесіз бе немесе қатысушысы болдыңыз ба?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, (%-бен)

Мемлекеттік бағдарламалар, жастар жобалары	Аздап естігенмін	Жақсы білемін, бірақ қатыспағанмын	Білемін, қатысқанмын	Ештеңе білмеймін, естімегенмін
«Жастар тәжірибесі»	36,0	12,3	3,3	48,4
«Дипломмен - ауылға!»	51,9	19,5	1,5	27,1
«Жасыл Ел»	48,6	18,2	4,6	28,6
«Бизнестің жол картасы - 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы	47,4	15,9	1,8	34,9
2017-2021 жылдарға арналған Нәтижелі жұмысбастылық пен жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы	30,8	9,7	0,9	58,7
«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы	46,1	17,0	1,4	35,6
«Болашақ» халықаралық шәкіртақысы	53,7	18,7	0,8	26,8
«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы	36,7	11,4	0,8	51,1
Серпін-2050	30,3	9,1	0,4	60,2
Барлығына арналған ақысыз техникалық және кәсіби білім	32,4	10,7	1,5	55,4
Жастар корпусын дамыту жобасы	17,7	7,3	0,6	74,4
Жастардың кадрлық резерві	17,9	7,5	1,1	73,5

Қазақстанның жастарына ең таныс бірінші алтылығына кірген мемлекеттік бағдарламалар мен жобалардың «Олар туралы аздап естігенмін» деңгейінде белгілі екенін айта кету керек. Бұл олар туралы шынында да хабардар екенін көрсетпейді. Аталған бағдарламалардың іске асырылуымен жақсы таныс және оған қатысқан жастардың үлесі барлық аталған алты жоба бойынша 5 % аспайды. Бұл қазіргі қазақстандық жастардың оны қолдау жөніндегі жастар саясаттары туралы хабардарлық дәрежесінің аса төмен екенін көрсетеді. Оның салдары мемлекеттің жастарды осы жобаларға қатысуға тарту бойынша жарнамалық - насихаттау жұмысының тиімділігінің төмен болуына және жастардың әлеуметтік белсенділікті көрсету үшін уәждеменің әлсіз болуына алып келді. Жастардың мемлекеттік жастар жобалары туралы хабардарлық деңгейінің мұндай төмен болуының және оларға қатысу деңгейінің өте төмен болуының жастардың барлық үш санаттарына тән екенін айта кету керек.

Егер мемлекеттік жастар жобаларын іске асыруға белсенді қатысушылар құрамының өңірлік қимасын талдасақ, біз «Жастар тәжірибесі» жобасын іске асыруға Жамбыл және Батыс-Қазақстан облыстарының жастарының ең белсенді тартылатынын байқаймыз. Аталған облыстарда «Жастар тәжірибесі» жобасына қатысқан жастардың саны 10 %-дан асады. «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасына ең белсенді қатысушылар алынған мәліметтер бойынша Қызылорда облысының жастары болып табылады – сұхбаткерлердің 5,7 %-ы оған өздерінің қатысқанын көрсетті. «Жасыл ел» бағдарламасына қатысушылардың саны алдыңғы жобаларға қарағанда айтарлықтай жоғары, оған белсенді қатысушылардың шегі еліміздің бас облысында – Ақтөбе (14,9 %), Қызылорда (14 %), Павлодар (12,1 %), Батыс-Қазақстан (11,6 %) және Алматы (10,6 %) облыстарында 10 % асты.

«Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасын Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарының жастары ең белсенді игеруде – оған қатысу тәжірибесі бар сұхбаткерлердің үлесі аталған облыстарда сәйкесінше 5,8 % және 5,5 % тең. «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасын іске асыруға ең белсенді қатысушылар Солтүстік - Қазақстан облысының жастары болып табылады – мемлекет бойынша оған қатысу көрсеткіші орта есеппен 2,1 % болған жағдайда, бұл облыста оны мәні орташа мәннен 10 есе жоғары және 21,2 % тең.

Алынған мәліметтерге қарағанда, барлығына арналған ақысыз техникалық және кәсіби білім беру бағдарламасы Павлодар және Маңғыстау облыстарында сәттірек жүзеге асырылуда – бұл өңірлерде оларға өздері қатысқан жастардың үлесі 1,8 % орташа көрсеткішінен едәуір жоғары (сәйкесінше 9,5 % және 5,3 %).

Осы зерттеудің міндеттерінің бірі мемлекет жастарының жастар ұйымдары туралы хабардарлық дәрежесін және олардың қызметіне қатысу деңгейін анықтау болды.

Әлеуметтік сұрақ-жауаптың барысында алынған мәліметтер жастар ұйымдарының мемлекет жастарының арасындағы танымалдық рейтингісін құруға мүмкіндік береді.

Алынған мәліметтер бойынша, жастардың ішінде танымалдығы бойынша «Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» Жастар қанаты көшбасшы болып отыр – пікір сұралған жастардың 78,6 %-ы ол туралы білетінін көрсетті. Бұл жастар ұйымының қазақстандық жастардың арасындағы мұншалықты танымалдығына қарамастан, олардың 31,9 % ғана онымен өздерінің жұмыс істегенін немесе бірлесіп жұмыс жасағанын мәлімдеді. Біздің пікірімізше, жастардың «Жас Отан» туралы хабардарлық көрсеткішінің жоғары болуы мемлекет жастарының осы жастар ұйымының жұмысының мақсаттары мен негізгі бағыттары туралы жақсы білетінін дәлелдемей, оның «Нұр Отан» партиясының мемлекеттегі танымалдығының арқасында ие болған танымалдығын көрсетеді. «Жас Отан» жастар қанаты соңғы жылдардың ішінде барлық қалған жастар ұйымдарынан озып, әрине, танымалдығы бойынша да, белсенді мүшелері бойынша да көшбасшы болып отыр («Жасыл ел» Республикалық жастар еңбек жасақтарының штабын қоспағанда).

Егер қазірше ұсынылған жастар ұйымдарына қатысушылардың санын ескермей, олар туралы хабардарлықты ғана назарға алсақ, онда біз «Жас Отаннан» (ол туралы білетіндердің 78,6 %) кейін танымалдығы бойынша екінші болып Қазақстанның КТК Одағы (64,2 %), үшінші болып – «Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» Халықаралық стипендиясы стипендиаттарының қауымдастығы» (61,3 %) тұр.

Мемлекет жастарының 2018 жылғы жастар ұйымдары туралы хабардарлық деңгейін былтырғы 2017 жылдың көрсеткіштерімен салыстырған жағдайда соңғы жылы былтыр тек төртінші позицияда ғана тұрған Қазақстанның КТК Одағының танымал болғанын қоспағанда, біз жағдайдың өзгермегенін байқаймыз (9-кесте).

9-кесте


*«Сіз қандай жастар ұйымдарын білесіз?» сұрағына жауаптарды үлестіру,
(соңғы жыл ішіндегі динамикасында, %-бен)*

	2017	2018
«Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» жастар қанаты	78,4	78,6
Қазақстанның КТК Одағы	60,7	64,2
Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» Халықаралық стипендиясы стипендиаттарының қауымдастығы	63,2	61,3
«Жасыл ел» Республикалық жастар еңбек жасақтарының штабы	57,9	57,8
«Жас Ұлан» Бірыңғай балалар-жасөспірімдер ұйымы	54,8	56,1
Қазақстан студенттерінің альянсы	38,9	33,9
Ұлттық еріктілер желісі	32,1	28,2
Қазақстан жастарының конгресі	24,6	23,3
Ұлттық Дельфий комитеті	-	12,2

Жастар ұйымдары туралы хабардарлық деңгейі олардың қызметіне қатысу деңгейінен айтарлықтай жоғары. Егер ұйымның қызметімен максималды танысқандық (ол туралы білу) көрсеткіші 78,6 % («Жас Отанмен» болған жағдайға ұқсас) тең болса, онда оларға қатысу деңгейінің «Жасыл ел» Республикалық жастар еңбек жасақтарының штабын сипаттайтын максималды мәні 38 % тең. Қатысу деңгейі бойынша екінші орында «Жас Отан» (31,9 %), үшінші орында - «Жас Ұлан» Бірыңғай балалар-жасөспірімдер ұйымы (20,7 %) тұр. «Ардагерлер ұйымы», Қазақстан коммунистерінің Қозғалысы, Еркін интернет үшін Қозғалыс, «Алға» Қозғалысы сияқты жастар ұйымдарының жастар мүшелігі көрсеткіші өте төмен, өткен сұрақ-жауап барысында тек бір реттен ғана аталды.

Алынған мәліметтерді жастардың жастар ұйымдарында мүшелік көрсеткіштерімен салыстыру талдауы 2017 жылы жастардың олардың қызметіне жалпы қатысу деңгейінің дерлік барлық ұсынылған жастар жобалары бойынша төмендеп кеткенін көрсетті. Жастардың тек қана Қазақстан Студенттерінің альянсында мүшелік көрсеткіші аздап жоғарылады (11-сурет).

«Олардың ішінде Сіз қайсысымен жұмыс істедіңіз, бірлесіп жұмыс жасадыңыз, байланыста болдыңыз?» сұрағына жауаптарды үлестіру (соңғы жылдың ішіндегі динамикасында, %-бен)




3.3. Жастардың мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуына қанағаттанушылық деңгейі

Жастардың мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуына қанағаттанушылығы туралы мәселе екі бағытта – мемлекеттік шешуді қажет ететін жастардың нақты проблемалары туралы хабардарлығы жөніндегі жастардың пікірін зерттеу арқылы және «Сіз Қазақстанда мемлекеттік жастар саясатының қалай іске асырылып жатқанына қанағаттанасыз ба?» сауалнама сұрағы арқылы тікелей қаралды.

Мемлекет жастарының пікірі бойынша, мемлекеттік органдардың жалпы жастардың нақты проблемалары туралы түсінігі бар – пікір сұралған жастардың 68,3 %-ы «Сөзсіз, осы мәселелер туралы біледі және оларды шешу үшін барлығын жасайды» және «Біледі деуге болады, бірақ жастардың мәселелерін нақты шешпейді» жауаптарының қосындысында осылай ойлайды. Олардың 28,9 %-ы мемлекеттің жастар проблемаларын шешу үшін барлығын жасап жатқанына сенімді. 39,4 %-ы жастар саясатын іске асыру үшін жауапты мемлекеттік органдардың жастардың проблемалары туралы ақпаратты білетініне қарамастан, дегенмен бұл мәселелер шешіліп жатқан жоқ деп санайды. Әрбір бесінші жас қазақстандық (20,6 %) мемлекет жастар ортасында шешілуіге тиіс проблемаларды толық түсінбейді деп мәлімдеді, ал 4,7 %-ы мемлекеттің жастар проблемалары туралы мүлде білмейтініне сенімді (12-сурет).


«Сіз қалай ойлайсыз, мемлекеттік билік органдары жастардың нақты мәселелері туралы біле ме?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)



Жоғарыда мемлекеттік жастар саясатын іске асыру үшін жауапты бірқатар мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалау туралы мәселе бойынша деректерге жасалған талдау келтірілді. Жоғарыда келтірілген кестелерде біз бұл органдардың жұмыстарының тиімділігіне берілген орташа бағаның 60 % бастап 80 % дейін өзгеретінін көріп тұрмыз – жас қазақстандықтардың осындай бөлігі оны тиімсіз деп атады. Сұхбаткерлерге өздерінің Қазақстанда жүргізіліп жатқан мемлекеттік жастар саясатына қанағаттанушылық дәрежесі туралы жалпы пікір айту ұсынылған кезде орташа баға біршама төмен – 61,9 % болды. Бұл жастардың, негізінен, жастар саясатын іске асыратын нақты мемлекеттік органдарға қарсылығы жоқтығын білдіруі мүмкін, алайда жалпы жастардың проблемалары толық шешілмеген сияқты. Бұл ретте жастар оларды шешумен кімнің айналысу керектігін анық білмейтіндей көрінеді.

Пікір сұралғандардың 18,2 %-ы елімізде мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуына қанағаттанбайды – «Қанағаттанбаймын дей аламын» және «Қанағаттанбаймын» жауаптарының қосындысында, тағы 12,7 % «Мемлекеттік жастар саясаты туралы ештеңе білмеймін» жауабының нұсқасын таңдап алды (13-сурет).

«Қазақстанда мемлекеттік жастар саясатының қалай іске асырылып жатқанына Сіз қанағаттанасыз ба?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)



Былтырғы 2017 жылмен салыстырғанда жастар саясатын іске асыратын мемлекеттік органдардың жұмысының тиімділігіне берілген баға айтарлықтай жоғарылаған жоқ. Егер 2017 жылы мемлекеттік жастар саясатын тиімді деп атаған жастардың үлесі 57,5 %-ды, ал тиімсіз деп санайтындардың үлесі 24,8 %-ды құраған болса, ағымдағы 2018 жылы бұл көрсеткіштер сәйкесінше 61,9 % және 18,2 % құрады.

Жас шамасының қимасындағы корреляцияларды талдау мемлекеттік жастар саясатына қанағаттанушылықтың төмен дәрежесін жоғары жас санатының жастары (24 жастан 28 жасқа дейін) көрсетіп отыр – «Қанағаттанбаймын дей аламын» және «Қанағаттанбаймын» жауаптарының жиынтық көрсеткіші бойынша 21,7 %. Кіші жастағы топта бұл көрсеткіш 12,5 % тең болса, орта жастағы топта ол – 18,8 % құрады. Мемлекеттің жастар саласындағы саясатына қанағаттанушылық дәрежесінің төмендеуіне жастардың жасы жоғарылаған сайын жастардың жоғары жастағы адамдарының, шешуімен біздің пікірімізше мемлекет айналысуға тиіс үлкен әлеуметтік проблемалар көлемінің болуы себеп болып отыр. Мұндай мәселер ішінде кіші санаттағы жастар сирек тап болады жұмыспен қамту, тұрғын үй және білім алумен.

Жастары мемлекеттік жастар саясатына жоғарырақ орташа қанағаттанушылық дәрежесін көрсететін өңірлердің ішінде (басқа өңірлермен салыстырғанда) Оңтүстік-Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы) және Астана қ. Ерекше болып отыр – екі жағдайда да қанағаттанушылықтың жиынтық көрсеткіші 80 % асады (сәйкесінше 85,3 % және 81,2 %). Жастар саласындағы саясатқа қанағаттанушылық көрсеткіштері ең төмен өңірлер қатарына қанағаттанатындардың саны 50 % аспайтын өңірлер кірді – Алматы

қ. (40,8 %), Алматы (44,0 %), Павлодар (44,6 %), Шығыс-Қазақстан (44,9 %) және Батыс-Қазақстан (48,6 %) облыстары.

Мемлекеттік жастар саясатына қанағаттанушылық дәрежесіне берілген баға жас қазақстандықтардың этникалық қатыстылығына қарай өзгеріп тұрады. Мысалы, оның дәрежесі әсіресе қазақстандықтардың арасында ең жоғары болып табылады - «Толығымен қанағаттанамын» және «Қанағаттанамын дей аламын» жауаптарының қосындысында 66,7 % құрайды, ол басқа ұлыстар (қазақ мен орыс ұлттарын қоспағанда) жастарының арасында аздап төмен болып табылады – 58,1 %. Орыс ұлтты жастары ең төмен көрсеткішті - 47,3 % көрсетті (бұл көрсеткішті төмен деп санау қиын болса да). Көбінесе оны басқа ұлыстармен салыстырғанда орыс ұлттылардың арасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы ештеңе білмейтіндер санының ең жоғары болып табылатынымен түсіндіруге болады – ұлты орыс әрбір бесіншісінен артық (22,7 %) жас қазақстандық (қазақтардың арасында бұл көрсеткіш 9,6 %-ға, басқа ұлыстардың арасында – 14,2 %-ға тең). Өз кезегінде бұл көрсеткіш орыс ұлтты жастарының мемлекеттің жастар саласындағы саясатқа қызығушылық білдіруге және оның жобаларына қатысуға ынталандыру деңгейінің төмен болып табылатынын дәлелдеуі мүмкін.

Бөлім бойынша қорытындылар:

1. Жастардың Қазақстанда мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың жұмысы туралы жастардың хабардарлық деңгейі барлық үш құрылым (ЖРО, ҚР ДИАҚМ Жастар саясаты департаменті және өңірлердегі Жастармен жұмыс жөніндегі Басқарма) бойынша 40 % асады.

2. Мемлекет жастарына Жастар ресурстық орталықтарының жұмысымен көбірек таныс, алайда соңғы үш жылдың ішінде ЖРО қызметі туралы ештеңе білмейтін (естімеген) жас қазақстандықтардың саны аздаған ұлғаюға беталыспен бір деңгейде сақталады (2016жылы – 53 %, 2017жылы – 50,5 %, 2018 жылды – 52,1 %).

3. Жалпы, жас қазақстандықтар өз тұрғылықты жерлеріндегі Жастар ресурстық орталықтарының жұмысы жоғары бағалайды. Оған барлық қызмет бағыттары бойынша қанағаттанатындардың саны қанағаттанбайтындардың (оны тиімсіз деп бағалағандардың) санынан 2,5 еседен артық мөлшерге асады.

4. Мемлекет жастарының Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Жастар саясаты департаментінің жұмысы туралы хабардарлық көрсеткіші 40 % (жауаптардың жиынтығы« Ия, білемін» «Бірденке естідім, оқыдым»). Бұл ретте былтырғы 2017 жылмен салыстырғанда Департаменттің жұмысы туралы ештеңе білмейтін жас қазақстандықтардың үлесі шамамен 3 %-ға азайды (2017 жылы 59,3 %, ағымдағы 56,4 %).

5. Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Жастар саясаты департаментінің жұмысымен жақсы таныс

жастар оның барлық бағыттар бойынша жұмысының тиімділігін жоғары бағалайды.

6. Өңірлердегі Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармалардың жұмысы туралы ештеңе білмейтін жастардың саны ол туралы білетіндерден 14 % артық. Хабардарлық деңгейінің төмен болуына қарамастан, жастар өңірлердегі Жастармен жұмыс жөніндегі Басқармалардың жұмысын бағалау кезінде оң бағалар басым болды – олардың жұмысын тиімді деп бағалағандардың саны оған барлық бағыттар бойынша қанағаттанбайтындардың санынан жоғары болды.

7. «Болашақ» Халықаралық стипендиясы, «Дипломмен – ауылға!», «Жасыл ел», «Бизнестің жол картасы - 2020», «Нұрлы жер» және «Жастар тәжірибесі» сияқты жастар жобалары мемлекет жастары үшін ең таныс болып шықты. Барлық алты бағдарлама бойынша олар туралы әртүрлі дәрежеде хабардар жастардың саны олар туралы ештеңе естімегендердің санынан артты, алайда аталған бағдарламалардың іске асырылуымен жақсы таныс және оған қатысқан жастардың үлесі барлық аталған алты жоба бойынша 5 % аспайды.

8. Жастар ұйымдарының танымалдың рейтингінде «Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» Жастар қанаты, Қазақстан «КВН» одағы, Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» Халықаралық стипендиясы стипендиаттарының қауымдастығы көшбасшы болып отыр. Бұл ретте жастардың олар туралы хабардарлық деңгейі олардың қызметіне қатысу деңгейінен айтарлықтай жоғары.

9. Қазақстан жастары мемлекеттік органдардың жалпы жастардың нақты проблемалары туралы түсінігі бар екеніне сенімді. Мемлекеттік жастар саясатына қанағаттанушылық дәрежесін орташа және орташадан жоғары деп сипаттауға болады. Мемлекеттік жастар саясатына ең төмен қанағаттанушылықты жоғары жас санатының (24 жастан 28 жасқа дейін) жастары көрсетіп отыр.

10. Мемлекеттік жастар саясатына ең жоғары қанағаттанушылық дәрежесін Оңтүстік-Қазақстан облысы (қазіргі Түркістан облысы) мен Астана қ. көрсетсе, ең төмен дәрежесін Алматы қ., Алматы, Павлодар, Шығыс-Қазақстан және Батыс-Қазақстан облыстарының жастары көрсетіп отыр.

11. Жастар саясатына ең жоғары қанағаттанушылық дәрежесі қазақтардың арасында, ал ең төмен дәрежесі орыс ұлтты жастарының арасында анықталды.

Ұсынымдар:

1. Мемлекет жастарының мемлекеттік жастар саясатын іске асыратын мемлекеттік органдардың қызметі туралы хабардарлығының осындай төмен көрсеткіштерін ескере отырып, барлық жоғарғы оқу орындарының бағдарламасына жоғарғы оқыту сатыларында факультатив түрінде «Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясаты» пәнін енгізу ұсынылады. Әртүрлі жастағы жастарды жастар ұйымдарының қызметіне жастар жобаларын іске асыруға қатысу беретін артықшылықтармен қатысу

мүмкіндіктерімен таныстыруға бағытталған тақырыптық сынып (куратор) сағаттарын жүргізу ұсынылады.

2. Мемлекеттік жастар саясаты туралы ақпараттылық деңгейіндегі және оған әртүрлі жастар топтарындағы қанағаттанушылық дәрежесіндегі айырмашылықтарды ескере отырып, оны іске асыруға қатысуға ынталандыруды арттыру мақсатында мемлекеттік жастар саясаты туралы таныстыру шараларына әртүрлі жастағы, этникалық қатыстылықтағы жастарды тарту, жұмыссыз жастарды, NEET санатындағы жастарды жұмылдыру ұсынылады.

IV-БӨЛІМ. МЕМЛЕКЕТ ЖАСТАРЫНЫҢ САНАСЫНДАҒЫ ПАТРИОТИЗМНІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Проблема.

Қазіргі қоғамның ең маңызды құндылықтарының бірі тек Отанға сүйіспеншілік, өз елі үшін мақтаныш, оны білуге және түсінуге ұмтылу, жақсарту ретінде ғана емес, өз елі үшін қызмет етуге (әскери, мемлекеттік, азаматтық) дайындық ретінде де қабылданатын патриотизм болып табылады.

Әлеуметтік сауалнаманың бірқатар сұрақтары Қазақстан жастарының санасындағы патриотизм құндылығының мәнін анықтауға, жастардың әскери-патриоттық тәрбиеге көзқарасын зерттеуге, әскери күштерге арналды.

Нәтижелер.

4.1. Жас қазақстандықтардың санасындағы «патриотизм» ұғымының мағынасы

Қазіргі Қазақстанның жастары үшін патриотизм ұғымы эмоциялық күйзелістермен – Отанға, соның ішінде туған қаласына, ауылына, кентіне деген сүйіспеншілікпен ассоциацияланады – пікір сұралғандардың 32,4 % осылай ойлайды. Жас қазақстандықтардың төрттен бір бөлігінен артығы (27,3 %) патриот болуды мемлекеттік ұлы жетістіктерін мақтаныш ету, ал тағы әрбір бесіншісі (20,3 %) – Отан игілігі үшін еңбек ету деп түсінеді. Патриотизмге берілген алдыңғы екі түсіндірмеге қарағанда үшінші нұсқама тек эмоциялық күйзелісті немесе сезімді ғана емес, әрекет жасауға дайындықты білдіреді. Келтірілген түсіндірмелермен қатар мемлекет жастары патриотизм ұғымына бейбітшілікте және елдің басқа азаматтарымен келісімде (13,4 %) өмір сүруді, мемлекет заңдарын сақтауды (12,9 %) және елін қолына қару алып қорғауға дайын болуды (12,8 %) салады (10-кесте).

10-кесте

«Сіздің пікіріңізіңіз, «Қазақстанның патриоты» болу деген не?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)

	%
Отанын, соның ішінде туған қаласын, ауылын, кентін сүю	32,4
Елінің ұлы жетістіктерін мақтаныш ету	27,3
Отан игілігі үшін еңбек ету	20,3
Елінің басқа азаматтарымен бейбітшілікте және келісімде өмір сүру	13,4
Елінің заңдарын сақтау, заңға бағынатын салық төлеуші болу	12,9
Қажет болған жағдайда елін қолына қару алып қорғау	12,8
Қазақ тілін, Қазақстанның салт-дәстүрлері мен тарихын білу	12,5
Елінің жарқын болашағына сені	12,0
Шетелге шыққан кезде Қазақстан туралы мақтанышпен айту, Қазақстан туралы әңгімелеу	9,2
Елде болып жатқан жағдай үшін жауапкершілікті сезу	6,8

Отандық қазақстандық өнімді (азық-түлік өнімдерін, киім-кешекті және т.б.) сатып алу	3,7
Отаннан алыс жерде оны аңсау	3,7
Әскерде қызмет ету	2,0

Әртүрлі ұлыс жастары «патриотизм» ұғымын әртүрлі түсінеді. Барлық ұлыс жастары патриотизм туралы түсінікке келгенде кестедегі бірінші екі позицияны жиі таңдайды. Алайда, осы сөзге байланысты жиі аталатын ассоциациялар үштігінде үшінші позиция әртүрлі ұлт жастарында әртүрлі болады. Егер қазақтар үшінші позициядағы патриотизмді Отан игілігі үшін еңбек ету деп түсінсе, орыстар патриотизмді мемлекет заңдарын сақтау, яғни әр ұғымның азаматтық түсіндірмесі деп түсінеді. Басқа ұлыс жастарында үштікке патриотизмді елдің басқа азаматтарымен бейбітшілік пен келісімде өмір сүруге ұмтылу деген түсінік кіреді. Аздаған айырмашылықтарға қарамастан әртүрлі ұлыс жастарында патриотизм құндылығына жиі беретін түсіндірмелердің алғашқы бестігіндегі түсініктер бірдей.

4.2. Жастардың Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне көзқарасы

Патриотизм құндылығының өлшемдерінің бірі жастардың әскерде қызмет етуге көзқарасын зерттеу болып табылады. Патриотизмнің бұл өлшемі өз Отанына эмоциялық құштарлық деп қана емес, оның алдындағы өз борышын ұтымды ұғындыру деп сипатталады.

Осы зерттеудің шеңберінде жастардың әскерге көзқарасы жас қазақстандықтардың Қарулы күштерге сезінетін сезімдерді айқындау арқылы өлшенді. Әлеуметтік сұрақ-жауаптың нәтижелері жас азаматтардың қарулы күштерге сезінетін ең жиі сезімі мақтаныш сезімі болып табылатынын көрсетті – әрбір үшінші жас азамат (28,6 %) осы сезімді көрсетті. Жастардың тағы төрттен бір бөлігі (25,6 %) құрметті, әрбір бесінші қазақстандық Қарулы күштерге сенетінін (21,3 %) көрсетті.

Бірінші үш жиі таңдап алынатын позицияның құрметпен, сеніммен және мақтанышпен байланысты оң сезімдерді білдіретінін байқап отырмыз. Бұл жанама түрде жас қазақстандықтардың арасында патриотизм деңгейінің өте жоғары екенін көрсетуі мүмкін. Оларға әскер тамсануды тудыратындардың тағы 4,3 % қосса, біз әскер институтына оң көзбен қарайтын жастар үлесінің 79,7 % жеткенін байқаймыз.

Алайда біз жастардың 13,6 %-ң Қарулы күштерге жағымсыз эмоция сезінетінін көріп тұрмыз. Олардың 5,3 % сенімсіздік, 3 % – түңілу, тағы 5,3 % – немқұрайлылық, 0,5 % – қорқыныш сезімін сезінеді. Жалпы алғанда, әскер институты оң эмоция тудыратын жастар саны оған қанағаттанбайтындар санынан бес еседен артық мөлшерге асады (11-кесте).

«Сіз Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне қандай сезімдерді сезінесіз?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)


	%
Мақтаныш	28,6
Құрмет	25,6
Сенім	21,3
Сенімсіздік	5,3
Немқұрайлық	5,3
Тамсану	4,3
Түңілу	3,0
Қорқыныш	0,5
Басқа	0,1
Жауап беруге қиналамын	6,3

Жас ерлер мен жас әйелдердің осы сұраққа берген жауаптарының арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Сонымен қатар әртүрлі жас санаттарындағы жастардың Қарулы күштер туралы пікірлерінің арасында да айырмашылық аз.

Жастардың этникалық қатыстылығына байланысты әскерге көзқарасындағы айырмашылықтар қызығушылық тудырады. Барлық ұлыстарда оң көзқарастың басым болғанына қарамастан, жекелеген эмоцияларды білдіруде кейбір айырмашылықтар байқалады. Қарулы күштер үшін мақтаныш сезімін барлық қазақтардың – 30,8 %-ы сезінеді, сұхбаттасқан барлық қазақтардан, ал орыстарда бұл көрсеткіш 22,2 %-ға, басқа ұлыс жастарында – 26,6 %-ға тең. Қарулы күштерге қатысты сенім сезімі де қазақстандық жастарда басым болса (23,2 %), орыстарда 19,5 % дейін төмендейді және басқа ұлыстарда ең төмен көрсеткішке жетеді (13,9 %).

Әскерге немқұрайлық сезімі орыс (11,2 %) және басқа ұлыстар (10,1 %) жастарының арасында ең жоғарғы мәнге жетіп отыр – пікір сұралған бұл жастар Қарулы күштерге көзқарасын осылай сипаттады, ал қазақтардың ішінде ол көрсеткіш 2,6 % тең (14-сурет).

«Сіз Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне, Армиясына қандай сезімдерді сезінесіз?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (ұлыстар бойынша, %-бен)



Патриотизм дәрежесін өлшеу үшін сауалнама жүргізу барысында жас сұхбаткерлерге Қазақстан Республикасының қарулы күштері үшін мақтаныш сезімі туралы сұрақ қойылды. Нәтижелер жас қазақстандықтардың басым бөлігінің (76,5 %) армия үшін мақтаныш сезімін сезетінін көрсетті – «Иә» (46,5 %) және «Иә десе болады» (30,0 %) жауаптарының қосындысында. Жастардың 11,5 % өз елінің Қарулы күштері үшін мақтанбайтынын айтты («Жоқ десем болады» және «Жоқ» жауаптарының қосындысы). Тағы 6,5 % оларға бәрібір екенін көрсетті. Шын мәнінде, жастардың қоғам институттарына (атап айтқанда, әскерге) бейтарап, немқұрайлы қарайтын соңғы санаты ең отаншыл емес деп сипатталуы мүмкін, себебі кез келген эмоциялар (оң немесе теріс) кез келген жағдайда мемлекет өміріне қызығушылықтың болуын, ал олардың болмауы өз елінің өміріне ынтасыздығын көрсетіп отыр.


Мәліметтерге ұлыстар бойынша қараған кезде өз елінің Қарулы күштері үшін қазақтардың (барлық қазақтардың 80,7 %) мақтанатынын көреміз, басқа ұлыстар жастарының ішінде бұл көрсеткіш 70,4 %-ды, орыстардың ішінде – 65,5 % құрады.

Жастардың Қарулы күштерге көзқарасының өлшемдерінің бірі әскердегі қызметтің беделдігі туралы түсінік болып табылады. Алынған мәліметтер бойынша, әскерде қызмет етуді беделді деп санайтын жас қазақстандықтар

санының оны беделді деп санамайтындардан шамамен 4 есе артық (сәйкесінше 17,7 % және 68,2 %). Бұл жанама түрде Қазақстан жастарының ішінде патриотизм деңгейінің біршама жоғары екенін растауы мүмкін (15-сурет).

15-сурет

«Сіз қалай ойлайсыз, Қазақстанның Қарулы күштерінде қызмет ету беделді ме?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)




Әскерде қызмет етудің беделділігін / беделсіздігін бағалауда әртүрлі жыныстағы, жастағы, білім деңгейіндегі жастардың арасында айтарлықтай айырмашылық анықталған жоқ. Алайда әскерде қызмет етуге берген оң бағалар барлық ұлыстарда басым болған жағдайда қазақтардың ішінде әскерде қызмет етуді беделді деп санайтындар санының оны беделді емес деп санайтындардан 4,6 есе жоғары екені байқалды (сәйкесінше 15,8 % және 73,4 %). Орыстардың ішінде бұл арақатынас 21,7 % және 55,6 % құраса, басқа ұлыстардың ішінде 21,3 % және 58,8 % тең болды.

4.3. Қазақстандық жастардың санасындағы патриоттық тәрбие беру проблемасы

Осы зерттеудің міндеттерінің бірі мемлекет жастарының патриоттық тәрбие туралы мәселеге қатысты болды. Жастардың осы тәрбие түріне бөлінетін назардың дәрежесі туралы пікір, жастардың патриоттық бағыттағы тәрбие шараларына қатысу және жастардың патриоттықты тәрбиелеу бойынша ықтимал тиімді шаралар туралы түсінік деңгейі зерттелді.

Қазақстан жастарының басым бөлігі (74,1 %) мемлекетте патриоттық тәрбиеге бөлінетін көңіл деңгейін толығымен жеткілікті деп санайды («Иә, жеткілікті» және «Жеткілікті десем болады» жауаптарының қосындысы). Мұндай шаралардың анық жеткіліксіз екенін көрсететін кері пікірді жастардың 19,6 % білдірді («Жеткіліксіз десем болады» және «Мүлде жеткіліксіз» жауаптарының қосындысы бойынша). Қарама-қарсы пікірлердің арақатынасы 10 еседен артық мөлшерге бірікпейді («Иә, жеткілікті» және «Мүлде жеткіліксіз») (16-сурет).

«Қалай ойлайсыз, Қазақстанда жастардың патриоттық тәрбиесіне жеткілікті көңіл бөліне ме?» сұрағына жауаптарды үлестіру, %-бен




Жастардың патриоттық тақырыптағы тәрбие шараларына қатысу деңгейі бойынша алынған мәліметтер ерекше болды. Оларға қатысушылардың саны оларға аз хабардар болуы себебінен қатыспайтындар санынан 3 %-ға ғана артық (сәйкесінше 46,9 % және 49,7 %).

Осыған ұқсас шараларға қатысушылардың құрамына, негізінен, оларға оқу барысында қатысатындар (мектепте олардың үлесі жоғары 36 %, колледжде, институтта, университетте 9,7 %) және осы шараларға өз бетінше қатысатындар (4,0 %) кіреді.

Қазіргі Қазақстанда патриоттық тәрбиенің, негізінен, әртүрлі деңгейдегі оқу орындарында берілетінін байқап отырмыз. Осы тұста мұндай шаралардың неліктен тек қана білім алушылардың жартысын ғана қамтитыны туралы сұрақ туындайды, өйткені көп жағдайда патриоттық шаралар жаппай сипатта өтеді және бір топқа немесе сыныпқа бағытталады (17-сурет).

«Сіз әскери-патриоттық тақырыптағы конкурстарға, жарыстарға, олимпиадаларға, концерттерге және басқа шараларға қатысып па едіңіз?» сұрағына жауаптарды үлестіру, %-бен)



Жас шамасы бойынша корреляцияларға жасалған талдау көбінесе әскери-патриоттық шаралардың мектептерде оқитын жастарды қамтитыны туралы қорытындыны растап отыр – мұндай кездесулерге қатысушылардың басым бөлігі 14 жастан 18 жасқа дейінгі жастардан құралады.

Сауалнама жүргізу барысында жас сұхбаткерлерге жастардың патриоттық сезімін тәрбиелеу бойынша ұсынылған шаралардан оларға тиімді болып көрінетін шараларды таңдап алу ұсынылды. Жастар тек қана патриоттықты тәрбиелеуге себепшіл болатын шараларды ғана емес, баруы мен қатысуы өздеріне қызықты болған шараларды да таңдап алған сияқты. Жастардың пікірі бойынша жастардың отаншыл болуы үшін қажетті болып табылатын шаралардың бірінші үштігіне мыналар кірді: Қазақстанның тарихын, дәстүрлерін және салттарын оқып білу (18,4 %), орта мектептерде алғашқы әскери дайындықты жүргізу (15,2 %) және тұрғылықты жерлері бойынша балалар-жасөспірімдер клубтарының жұмысын дамыту (11,2 %). Біз аталған шаралардың жастар өмірінің әртүрлі салаларын қамтитынын, бірақ олардың пікірі бойынша олардың барлығының патриотизммен байланысты екенін көріп тұрмыз. Бұл мемлекет жастарының санасында «патриотизм» түсінігінің тағы бір рет әртүрлі қабылданатынын растайды (12-кесте).

«Сіз қалай ойлайсыз, жастар отаның болу үшін не істеу керек?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)

	%
Қазақстан халықтарының тарихын, дәстүрлерін және салттарын оқып білу	18,4
Орта мектептерде алғашқы әскери дайындықты жүргізу	15,2
Тұрғылықты жері бойынша балалар-жасөспірімдер клубтарының жұмысын дамыту	11,2
Мерзім сайын спорттық жарыстарды, конкурстарды, олимпиадаларды өткізу	11,1
Жазғы демалыс кезінде оқушыларға арнап әскери-патриоттық лагерьлер ұйымдастыру	9,5
Балалар мен жастарға мемлекеттік тілдегі, қазақстандық және қазақ авторларының әдебиеттерді оқу	7,0
Қазақ тілін үйрену	6,2
Жастарға әскерде қызмет етуді міндеттеу	5,9
Ұлттық кейіпкерлер туралы қазақ тілінде мультфильмдерді, балалар бағдарламаларын құру	5,1
Балабақшаларда әнұранды үйрету	2,3

Басқа ұлыстар жастарына қарағанда қазақ жастары жастарға патриоттық тәрбие беру бойынша маңызды шаралар ретінде ұлттық (қазақ) мәдениет пен тілді дамытумен байланысты шараларды атады – мемлекеттік тілдегі, қазақстандық және қазақ авторларының әдебиеттерін оқу (орыстардың арасында 4,5 % қарағанда 8,1 % және басқа ұлыстардың арасында 4,5 %) және ұлттық кейіпкерлер туралы қазақ тіліндегі мультфильмдерді, балалар бағдарламаларын жасап шығару (сәйкесінше 6,6 %, 1,3 % және 2,2 %).

Орыс жастары патриоттықты тәрбиелеудегі бір нақты ұлыспен байланысты емес шаралардың маңызына көбірек көңіл бөлген, ал әртүрлі этникалық топтар жастарының мүмкіндіктерін спорт, спорт жарыстарын, олимпиадаларды, конкурстарды жүйелі түрде өткізу сияқты салалар арқылы теңдестіреді (орыстардың арасында 15,5 %, басқалардың арасында 13,5 % және қазақтардың арасында 9,3 %). Сонымен қатар ұлты орыс және басқа ұлыс жастары (қазақтар мен орыстарды қоспағанда) Қазақстанда тұрып жатқан барлық халықтардың мәдениеті мен тарихын зерттеу қажеттігіне көңіл бөлді – патриоттықты тәрбиелеу шарасы ретінде Қазақстан халықтарының тарихын, салт-дәстүрлерін зерттеуді патриоттықты тәрбиелеу шарасы ретінде таңдады (орыстардың арасында 21,7 %, басқалардың арасында 18,7 %, қазақтардың арасында 17,4 %).

Бөлім бойынша қорытындылар:

1. Қазақстан жастарының санасындағы патриоттық ұғымы, негізінен, эмоциялық күйзелістермен ассоциацияланады. Жастардың санасындағы «патриоттық» ең кең таралған түсіндірмелерінің үштігіне Отанға (соның

ішінде туған қалаға, ауылға, кентке) деген сүйіспеншілік, елінің ұлы жетістіктері үшін мақтаныш және Отан игілігі үшін еңбек жатады.

2. Мемлекеттік Қарулы күштеріне қатысты жастардың басым бөлігі оң сезімдерге – мақтаныш, тамсану, сенім, құрмет сезімдеріне бөленеді. Әскер институты оң эмоцияларын тудыратын жастар саны оған қанағаттанбайтындар санынан бес есе артық.

3. Әскерге оң көзқарастың барлық ұлыстарда басым болып табылатынына қарамастан, Қарулы күштер үшін мақтаныш сезімін және оларға сенімділігін қазақ ұлтының жастары көбірек сезеді. Әскерге немқұрайлылық сезімі орыс жастарының арасында максималды көрсеткішке жетіп отыр (оны жоғары деуге де болмайды! - 11 % жуық).

4. Жалпы алғанда, Қазақстан жастары әскерде қызмет етуді беделді деп есептейді. Әскерде қызмет етуді беделді деп санайтын жас қазақстандықтардың саны оны беделді деп санамайтындардың санынан шамамен 4 есе асады (68,2 % қарсы 17,7 %).

5. Қазақстан жастарының басым бөлігі ел ішіндегі патриоттық тәрбиеге бөлінетін көңіл деңгейін толығымен жеткілікті деп есептейді, алайда патриоттық сезімін дамыту бойынша тәрбиелік шараларға қатысу дәрежесін орташа деп сипаттауға болады. Негізінен, қазіргі Қазақстандағы патриоттық тәрбие әртүрлі деңгейдегі оқу орындарында шоғырланған және жаппай / топтық сипатқа ие.

6. Жастардың пікірінше жастардың патриот болуы үшін қажетті бірінші шаралар үштігіне мыналар кірді: Қазақстан халқының тарихын, дәстүрлерін және салттарын зерттеу, орта мектептерде алғашқы әскери дайындықты жүргізу және тұрғылықты жерлері бойынша балалар-жасөспірімдер клубтарының жұмысын дамыту. Бұл ретте қазақ жастары басқа ұлыстарға қарағанда жастардың патриотизм сезімін маңызды тәрбиелеу шаралары ретінде ұлттық (қазақ) тілі мен мәдениетін дамытумен байланысты шараларды көбірек атады. Орыс жастары көбінесе патриотизмді тәрбиелеуде бір нақты ұлыспен байланысты емес шаралардың маңызына көп көңіл бөлді.

Ұсынымдар:

1. Патриотизмнің құндылығын насихаттау бойынша тәрбие шараларымен оқымайтын жастардың (соның ішінде жұмыс істейтін) аз қамтылғанын ескерсек, патриотизмді оқу орындарынан тыс жерде тәрбиелеу шараларын әзірлеу және кезең-кезеңімен енгізу ұсынылады – жастарды мұражайларға, спорттық шараларға, отандық орындаушылардың концерттеріне тарту, БАҚ-нда қазақстандық тауарлардың жарнама кампанияларын жүргізу. Жастардың санасына «Қазақстан біздің ортақ үйіміз» идеясын әрі қарай енгізу, осындай шараларға басқа этникалық топтар жастарын (қазақтардан басқа) белсенді түрде тарту ұсынылды.

2. Жастардың Қарулы күштерге сену деңгейінің жоғары болуына және оған қатысты оң бағалардың басым болуына қарағанда, БАҚ-нда алдығы уақытта әскерде қызмет етудің беделділігін насихаттау, әскери қызметкер бейнесін дәріптеу ұсынылады.

3. Жастардың бір бөлігінің (аз болса да) әскерге қатысты теріс эмоцияларды (сенімсіздік, қорқыныш, түңілу) сезетініне қарамастан, мұндай эмоциялардың жас қазақстандықтардың әртүрлі санаттарының арасында туындауын егжей-тегжейлі зерделеу ұсынылады.

V-БӨЛІМ. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ ЖАСТАР СУБМӘДЕНИЕТТЕРІНЕ КӨЗҚАРАСЫ

Проблема.

Жастарды, олардың өмір сүру салтын және құндылықтық бағдарларын зерттеу кезінде зерттеуші міндетті түрде жастар субмәдениеттері проблемасына тап болады. Субмәдениеттерді зерттеу қажеттігіне бұл мәдени феноменнің ол туралы ақпарат жалпы қоғам туралы түсінік беретін өзіндік әлеуметтік индикатор болып табылатыны себепшіл болып отыр. Сауалнаманың жастардың субмәдениеттерге көзқарасына қатысты сұрақтарын екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа бізге сұхбаткерлердің әртүрлі жастар субмәдениеттері аспектілерін (субмәдениет деген не, субмәдениеттің оның мүшелері үшін маңыздылығы, белгілі бір субмәдениетке тартылуына әсер ететін факторлар) субъективті қабылдауы туралы түсінік беретін сұрақтар жатады. Екінші топқа бізге сұхбаткерлердің жастар субмәдениеттеріне тартылу деңгейі, субмәдениеттердің қазіргі Қазақстанның жастар ортасында таралу дәрежесі туралы түсінік беретін сұрақтар жатады.


Нәтижелер.

5.1. Жастардың санатындағы «жастар субмәдениеті» ұғымының мазмұны және оған көзқарасы

Сауалнаманың «Сіз үшін «Жастар субмәдениеті» - бұл...?» сұрағына жауап ретінде «Жастардың өмір сүру стилі, сәнді бағыты» нұсқасы көбірек таңдалды (34,9 %) (18-сурет).

18-сурет

«Сіз үшін «Жастар субмәдениеті» - бұл...?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)



Таралуы бойынша екінші орында «Жастардың уақытша қызығушылығы, бос уақыт өткізу нысаны» нұсқасы тұр (30,3 %). Содан кейін «Өзін-өзі таныту / өзін-өзі сәйкестендіру нысаны» (20,1 %), «Жастар

ортасында наразылық білдіру нұсқасы» (12,4 %), «Заңға байланысты проблемалары бар жас адамдар тобы» (6,9 %) нұсқалары таңдап алынды. Бұл сұраққа жауап беруге қиналған сұхбаткерлер тобы өте үлкен (13,5 %). Бұл сұраққа жауаптарда біреуден артық нұсқаны таңдап алуға болатынын айтуға болады.


Жауаптардың жас шамасы және жынысы бойынша үлестірілуіне жасалған талдау бұл сұрақ бойынша әртүрлі топ өкілдерінің айтарлықтай айырмашылықтарының болмағанын көрсетті.

Сұхбаткерлердің білім деңгейі бойынша бөлінуі қызығушылық тудырады. Мысалы, ғылыми дәрежесі бар сұхбаткерлер тобында «Жастардың уақытша әуесі, бос уақыт өткізу нысаны» нұсқасы 46,9 %-бен басым болып отыр. Ал «Жастардың өмір сүру стилі, сәнді бағыт» және «Өзін-өзі таныту / өзін-өзі сәйкестендіру нысаны» нұсқаларын тек 21,9 %-дан ғана таңдап алынды. «Жастар ортасында наразылық білдіру нысаны» нұсқасы бұл топта 3,1 % ғана жинады. Бұл жастардың басқа жастық топтарынан айтарлықтай төмен.

Сауалнаманың «Жалпы алғанда, Сіз жастар субмәдениеттеріне қалай қарайсыз?» сұрағына жауаптардың ішінде «Немқұрайлы» нұсқасы көп таңдалды (47,7 %). Екінші орында «Теріс» (21,7 %) нұсқасы, одан кейін «Оң» нұсқалары (17,2 %), «Жастар субмәдениеттері туралы ештеңе білмеймін» (8,4 %) және «жауап беруге қиналамын» (5,1 %) нұсқалары тұр (19-сурет).

19-сурет

«Жалпы алғанда, Сіз жастар субмәдениеттеріне қалай қарайсыз?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)



Әртүрлі жас санаттарында жастар субмәдениеттеріне көзқарас әртүрлі. «Немқұрайлы» нұсқасы әлі де алда тұр, бірақ «Оң» және «Теріс» нұсқалары жасына қарай қарама қарсы болып табылады. Мысалы, 14 жастан 18 жасқа дейінгі жастық топта «Оң» нұсқасын сұхбаткерлердің 23,5 %-ы, ал «Теріс» нұсқасын тек 17,4 %-ы ғана таңдап алды. 19 жастан 23 жасқа дейінгі топта «Оң» және «Теріс» нұсқаларын сәйкесінше, сұхбаткерлердің 17,3 % және

20,1 % таңдап алды. Бұл көрсеткіштер бір бірімен салыстыруға келеді. 24 жастан бастап 28 жасқа дейінгі ең жоғары топта «Оң» нұсқасын таңдап алған сұхбаткерлердің үлесі ең төмен болды және бар болғаны 12,8 % құрады, ал теріс қарайтындардың үлесі одан екі есе жоғары – 25,8 % құрады.

Егер бұл мәселеде қала және ауыл жастарын салыстырсақ, ауыл өкілдерінің қара тұрғындарына қарағанда субмәдениеттерге көбірек теріс қарайтынын байқауға болады. Қала тұрғындарының 19,3 %-ы және ауыл тұрғындарының 24,8 %-ы тиісті нұсқаны таңдап алды. Қала тұрғындарының 53,6 %-ы, ал ауыл тұрғындарының 39,9 %-ы «Немқұрайлы» нұсқасымен келісті. Бұл ретте ауыл тұрғындарының шамамен екі есе бөлігі субмәдениеттер туралы ештеңе білмейді, атап айтқанда, қала тұрғындарының ішінде оны білмейтіндердің үлесі 6,1 %-ды, ал ауыл тұрғындарының ішінде 11,2 %-ды құрады.

Сауалнаманың «Сіз қалай ойлайсыз, қоғамдағы адамдар неліктен бейресми жастар субмәдениеттерінің өкілдерімен қарым-қатынас жасаудан неге қауіптенеді және жасамауға тырысады?» сұрағына жауаптардың ішінде «Біздің қоғамымыз жаңалықты ауыр қабылдайды» нұсқасы алда тұр (21,6 %).

Екінші орында «Шамданған сыртқы көрінісі мен қалыпсыз түрі қағажытады» жауабы тұр (20,8 %). Үшінші орында тұрған «Қоғамдағы нормалар мен стандарттардан өзгешенің барлығы үрей мен күмән тудырады» нұсқасы алдыңғы нұсқаға ұқсас (17,9 %). Шамамен әрбір жетінші жас қазақстандық (13,7 %) адамдарды жастар субмәдениеттеріне орай сабырлы әрекет етеді деп санайды. Жауап беруге қиналғандардың үлесі біршама жоғары – 13,1 % (13-кесте).

13-кесте

«Сіз қалай ойлайсыз, қоғамдағы адамдар бейресми жастар субмәдениеттерінің өкілдерімен қарым-қатынас жасауға неге қауіптенеді және жасамауға тырысады?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)

	%
Біздің қоғамымыз жаңалықты ауыр қабылдайды	21,6
Шамданған сыртқы көрінісі мен қалыпсыз түрі қағажытады	20,8
Қоғамдағы нормалар мен стандарттардан өзгешенің барлығы үрей мен күмән тудырады	17,9
Адамдар жастар субмәдениеттерінің өкілдеріне орай түсіністікпен сабырлы әрекет етеді	13,7
Жауап беруге қиналамын	13,1
Бейресми жастар ұйымдары нашакорлықпен, маскүнемдікпен және қылмыстылықпен ассоциацияланады	12,9

Осы сұраққа жауаптардың сұхбаткерлердің білім деңгейі бойынша үлестірілуі қызығушылық тудырады. Жалпы алғанда алда тұрған «Біздің қоғамымыз жаңалықты ауыр қабылдайды» нұсқасы (21,6 %) ғылыми дәрежесі бар сұхбаткерлер тобында 9,4 %-бен тек төртінші орында тұр. Аяқталған жоғары немесе орта арнайы білімі бар топтарда бұл нұсқа сәйкесінше 18,4 % және 19,9 % пайыздармен үшінші орында тұр. Аяқталмаған орта және жалпы орта білімі бар топтарда сәйкесінше 23,5 % және 26,0 % пайыздармен алда тұр.

Оларға толық емес орта білімі бар сұхбаткерлер қосылады. Екінші орнына қарамастан бұл нұсқа 24,0 % дауыстармен айтарлықтай танымал болып табылады (14-кесте).

14-кесте

«Сіз қалай ойлайсыз, қоғамда адамдар неге бейресми жастар субмәдениеттермен қарым-қатынас жасауға қауіптенеді және жасамауға тырысады?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (білімдері бойынша, %-бен)

	Оғары, ғылыми дережесі бар	Жоғары, академиялық дережесі бар	Аяқталмаған жоғары	Орта арнайы / кәсіптік білім	Жалпы орта білім	Орталау орта білім	Білімі жоқ
Қоғамдағы нормалар мен стандарттардан өзгешенің барлығы үрей мен күмән тудырады	28,1	17,3	24,9	21,1	11,6	15,7	10,0
Бейресми жастар ұйымдары нашакорлықпен, маскүнемдікпен және қылмыстылықпен ассоциацияланады т	15,6	13,5	10,0	12,7	13,2	14,2	5,0
Шамданған сыртқы көрінісі мен қалыпсыз түрі қағажытады	31,3	22,4	21,3	21,8	18,2	18,3	15,0
Біздің қоғамымыз жаңалықты ауыр қабылдайды	9,4	18,4	24,0	19,9	26,0	23,5	20,0
Адамдар жастар субмәдениеттерінің өкілдеріне орай түсіністікпен сабырлы әрекет етеді	3,1	19,5	9,0	11,4	14,7	12,7	5,0
Жауап беруге қиналамын	9,4	8,9	10,9	12,9	16,3	15,7	45,0

5.2 Жастар субмәдениеттерінде мүшелік деңгейі

Сауалнаманың «Сіз қазіргі уақытта қандай да бір субмәдениеттің өкілі болып табыласыз ба?» сұрағына жауаптарда «Жоқ, ешқандай субмәдениеттің өкілі болып табылмаймын» нұсқасы алда тұр (86,5 %). Екінші орында «Футбол жанкүйерлері» жауабы (4,2 %), содан кейін «Хип-хоп» және «Рэперлер» (2,1 %-бен бірге), «Геймеры» (1,4 %) нұсқалары тұр. Қалған нұсқаларды бірең-сараң сұхбаткер тандап алды және тіпті бір пайыз да жинаған жоқ немесе мүлде тандап алынған жоқ.

Жас шамасы бойынша үлестіруде 14 жастан 18 жасқа дейінгі ең кіші жастық топта ең көп субмәдениеттер өкілдері болады деп күтілуде. «Жоқ, ашқандай субмәдениеттің өкілі болып табылмаймын» нұсқасын бұл жерде де басым көпшілік тандап алды (79,8 %), алайда бұл көрсеткіш жастардың

жоғары жастық топтарға қарағанда төмен. Бұл арада «Футбол жанкүйерлері» (6,8 %), «Геймерлер» (3,1 %), «Хип-хоп» және «Рэперлер» (2,8 %-бен) «Аниме» (1,4 %), «Рокерлер» (1,2 %), «Паркур» (1 %) сияқты нұсқаларды бөліп көрсетуге болады.


19 жастан 23 жасқа дейінгі жастық топта сұхбаткерлердің 87,9 %-ы өздерін ешқандай субмәдениетке жатқызбайды, 3,9 %-ы өздерін футбол жанкүйерлеріне жатқызады, 1,8 %-ы «Хип-хоп» («Рэперлер» нұсқасымен бірге – 2,5 %) жауабын таңдады. Осы жастық топ сұхбаткерлерінің тағы 1,2 %-ы «Геймерлер» нұсқасын таңдап алды.

24 жастан 28 жасқа дейінгі жастық топта сұхбаткерлердің 90 % өздерін ешқандай субмәдениетке жатқызбайды.

Ұлыстар бойынша үлестіру «Жоқ, ешқандай субмәдениеттің өкілі болып табылмаймын» нұсқасын қазақтарға (84,7 %) қарағанда орыстардың (91,7 %) немесе басқа ұлыстар өкілдерінің (88 %) көбірек қалайтынын көрсетті. Барлық үш топта да ең көп таңдалатын нұсқа әлі де футбол жанкүйерлері болып табылады: қазақтардың ішінде – 4,6 %, орыстардың ішінде – 2,4 %, басқа ұлыстардың ішінде – 4,9 %.

20-сурет

«Сіз үшін осы қауымдастықтың мүшесі болу қаншалықты маңызды?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)



Сауалнаманың «Сіз үшін осы қауымдастықтың мүшесі болу қаншалықты маңызды?» сұрағына «Бұл хоббиім, уақытты қызықты өткізу тәсілім» жауабы (57,6 %) бірінші орында, танымалдығы бойынша екінші орында «Өте маңызды, менің өмірімнің мәні осында» жауабы тұр (15,8 %). Үшінші орында «Бұл жастардың арасында сәнді болып табылады» нұсқасы (11,4 %) тұрса, төртінші орынды «Маңызды емес, мен тек жай ғана уақытты «кетіргім» келеді» нұсқасы алып отыр (9,8 %) (20-сурет).

Жауаптардың жас шамасы бойынша үлесуі қызығушылық тудырады. «Бұл хоббиім, уақытты қызықты өткізу тәсілім» нұсқасы барлық топтарда алда тұр, бірақ жауаптардың үлестері әртүрлі болып отыр. 14 жастан 18 жасқа дейінгі жастық топта «Өте маңызды, өмірдің мәні осында» нұсқасын әрбір

бесінші – 21,6 %, ал 24 жастан 28 жасқа дейінгі топта әрбір жетінші (14,9 %), 18 жастан 23 жасқа дейінгі топта – әрбір он алтыншы (6,1 %) жас таңдап алды. «Маңызды емес, мен жай ғана уақытты «кетіргім» келеді» жауабы былай бөлінді: 14 жастан 18 жасқа дейінгі санатта – 5,7 %, 18 жастан 23 жасқа дейінгі санатта – 10,2 %, 24 жастан 28 жасқа дейінгі санатта – 17,0 % (Таблица 15).

15-кесте


«Сіз үшін осы қауымдастықтың мүшесі болу қанишалықты маңызды?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (жас шамасына қарай, %-бен)

	14 жастан 18 жасқа дейін	18 жастан 23 жасқа дейін	24 жастан 28 жасқа дейін
Өте маңызды, өмірдің бар мәні сонда	21,6	6,1	14,9
Бұл хобби, уақытты қызықты өткізу тәсілі	56,8	67,3	48,9
Бұл жастар арасында сәнді	13,6	10,2	8,5
Маңызды емес, тек уақыт "кетіргім" келеді	5,7	10,2	17,0
Жауап беруге қиналамын	2,3	6,1	10,6

Субмәдениеттің өмір сүру үшін маңыздылығының түсіндірмесі ұлыстар бойынша таралады. «Өте маңызды, өмірдің бар мәні осында» нұсқасын қазақтардың ішінде 16,3 %-ы, басқа ұлыстар өкілдерінің ішінде - 18,5 %-ы, ал орыстардың ішінде - тек 9,1 %-ы ғана таңдап алды. Мұнымен қатар, орыс ұлысына жататын сұхбаткерлер сәнде көбірек жүгінеді. «Бұл жастар арасында сәнді» нұсқасын орыс сұхбаткерлерінің ішінде әрбір үшіншісі таңдап алды (31,8 %). Қазақтардың ішінде бұл жауапты шамамен әрбір оныншысы (9,6 %), ал басқа ұлыстар өкілдерінің ішінде – тек әрбір жиырма жетіншісі ғана таңдап алды (3,7 %).

Әлеуметтік сауалнаманың «Сіздің достарыңыз бен таныстарыңыздың ішінде жастар субмәдениеттерінің өкілдері бар ма?» сұрағына сұхбаткерлердің басым бөлігі (73,9 %) теріс жауап берді. Пікір сұралғандардың тек 22,6 %-нда ғана белгілі бір субмәдениетке кіретін таныстары бар (21-сурет).

«Сіздің достарыңыз бен таныстарыңыздың ішінде жастар субмәдениеттерінің өкілдері бар ма?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)



Әртүрлі жастық топтарда бұл сұраққа оң жауаптар былай бөлінді; 14 жастан 18 жасқа дейін – 29,4 %, 18 жастан 23 жасқа дейін – 22,8 %, 24 жастан 28 жасқа дейін – 17,6 %.

«Ауыл / қала» қимасында күтілгендей таныс субмәдениеттер өкілдерінің саны қала тұрғындарының ішінде көп, қала тұрғындарының ішінде 26,3 % болса, ауыл тұрғындарының ішінде 17,7 % құрайды.

Сауалнаманың «Сіз өз қалаңыздың / ауылыңыздың көшелерінде бейресми көрінетін, басқа адамдардан өзгеше жастарды жиі кездестіресіз бе?» сұрағына жауаптардың ішінде «Ешқашан дерлік» жауабы (31,7 %) бірінші орында тұр. Екінші орында «Кейде» (25 %) нұсқасы, одан кейін «Өте сирек» (23,8 %) және «Айтарлықтай жиі» (10,7 %) нұсқалары тұр. Соңғы орында «Үнемі» нұсқасының үлесінде (3 %).

Қала және ауыл тұрғындарының арасында жауаптар өте әртүрлі үлестірілді. Мысалы, «Ешқашан дерлік» нұсқасын қала тұрғындарының 21,6 %-ы, ал ауыл тұрғындарының 44,6 % таңдап алды. Егер «Ешқашан дерлік» және «Жауап беруге қиналамын» нұсқаларынан басқа нұсқаларды ескере отырып, оң жауаптардың нәтижелерін бір біріне қосындыласақ, біз қала тұрғындарының 73,2 %-ң қалай да болса көшелерде субмәдениеттер өкілдерін кездесетінін, ал ауыл тұрғындарының ішінде ондай сұхбаткерлердің 48,5 % құрағанын байқаймыз. Бұл ретте «Үнемі» нұсқасын қалалықтардың 4,1 %-ы және ауыл жастарының тек 1,5 %-ы таңдап алды, ал «Айтарлықтай жиі» жауабын – қалалықтардың 11,9 %-ы және ауыл тұрғындарының 9,2 %-ы таңдап алды.

5.3 Жастар субмәдениеттеріне кіру себептері

Сауалнаманың «Сіз қалай ойлайсыз, жастар неге жастар субмәдениеттеріне кіреді?» сұрағына берген жауаптардың ішінде жастардың

басым бөлігі «Әуестік пен қызығушылықтан» деп жауап берді (40 %). Екінші орында «Қоғам ішінен бөліну, көпшіліктің назарын аударту» жауабы (21,5 %), одан кейін «Жастар субмәдениетінің өкілі болу сәнді» жауабы (15,9 %), «Өзін жеке тұлға ретінде іске асыру, өз шығармашылық дарындарын ашу үшін» жауабы (15,8 %), «Барлығына ұқсамау, қоғамдағы стандарттарға қарсы өз наразылығын білдіру үшін» жауабы (14,8 %), «Жақындармен және достармен қарым-қатынастағы қиындықтардың, олардың тарапынан түсінбестіктің себебінен» жауабы (12,5 %) тұр (22-сурет).

22-сурет

«Сіз қалай ойлайсыз, жастар неге жастар субмәдениеттеріне кіреді?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)



Жастық топтар бойынша басымдылықтар аздап өзгеріп тұр. Жастардың барлық үш жастық топтарында бірінші орынды «Әуестік пен қызығушылықтан» жауабы алып отыр: 14 жастан 18 жасқа дейін – 43,2 %, 18 жастан 23 жасқа дейін – 38,2 %, 24 жастан 28 жасқа дейін – 39,1 %. Алайда 14 жастан 18 жасқа дейінгі ең кіші топта екінші орында сән тұр (19,3 %), ал жоғары топтардың екеуі де екінші орынға бөлінуге ұмтылуды қойды. Вариант «Қоғам ішінен бөліну, көпшіліктің назарын аударту» нұсқасы 18 жастан 23 жасқа дейінгі және 24 жастан қа дейінгі топтарда сәйкесінше 23,8 %-ға және 22,7 %-ға ие болды.

Бөлім бойынша қорытындылар:

1. Жалпы алғанда, Қазақстан жастарының субмәдениеттерге көзқарасы ортақ. Әртүрлі этникалық топтардағы жауаптардың нұсқалары өзгеріп тұрғанымен, түбегейлі айырмашылықтарын көрсетпейді. Сұхбаткерлердің басым бөлігі субмәдениеттерді маңызды құбылыс деп қарауға бейім емес. Сұхбаткерлердің пікірінше, жастар субмәдениеті – бұл, ең алдымен, сәнді бағыт, ал содан кейін уақытша әуес және бос уақыт өткізу нысаны. Сегіз

сұхбаткердің бірі ғана субмәдениетте өзін-өзі көрсету нысанын байқай алады. Пікір сұралғандардың немқұрайлы қарауының себебі де осы.

2. Жастардың субмәдениеттерге оң көзбен қарау деңгейі сұхбаткерлердің жасы ұлғайған сайын тапжылмай төмендейді, алайда тіпті ең кіші жастық топта да субмәдениеттерді тек әрбір төртіншісі ғана қолдайды. Қала және ауыл тұрғындарының жауаптарын үлестірудегі айырмашылықтың себебі субмәдениеттердің ауылдық елді мекенде аз таралуында, сондай-ақ ауылдықтардың консерватизм деңгейінің жоғары болуында.

3. Қазақстанның қазіргі жастарының жастар субмәдениеттердің өміріне тартылу деңгейінің төмен екенін айта кету керек. Сұхбаткерлердің басым бөлігі өздерін қандай да бір субмәдениетке жатқызбайды.

4. Сұхбаткерлердің біршама басым бөлігінің (4,2 %) өздерін футбол жанкүйерлеріне жатқызуын сұхбаткерлердің бұл ұғымды аздап басқаша түсінетінімен түсіндіруге болады. Футбол жанкүйерлері қауымдастықтарының саны Қазақстанда тиісті субмәдениеттің белгісі ретінде аз, жақсы ұйымдастырылған және, әдетте, құрамында бірнеше ондаған адамнан артық адам болатын біршама жабық топтар болып табылады. Сұхбаткердің футбол көруді ұнатуының және белгілі бір команда үшін жанкүйер болуының өзі оны футбол жанкүйерлері субмәдениетіне жатқызбайды.

5. Субмәдениеттерге тартылуының ең жоғары дәрежесі кіші жастық топта байқалады, жас ұлғайған сайын бұл көрсеткіш төмендейді. Осы топтың субмәдениеттерге байыпты қарауы байқалды. Оны «ересек өмірге» тартылу деңгейінің жеткіліксіздігімен түсіндіруге болады.

6. Қазақстанда жастар субмәдениеттерінің әлсіз дамығаны субмәдениеттердің ішінде достардың болуы туралы сұрақтарға жауаптармен және көшелерде субмәдениеттер өкілдерінің кездесу жиілігімен расталады. Қала және ауыл тұрғындарының жауаптарындағы айырмашылықтар ауылда субмәдениеттердің аз таралғаны туралы тезисті растайды.

7. Сұхбаткерлердің жастар субмәдениеттері туралы маңызды емес, уақытша құбылыс ретіндегі пікірін субмәдениеттерге келу уәждері туралы сұрақтарға жауаптар да растап отыр. Әуесқойлық, бөлінуге ұмтылу, сән – бұл пікір сұралғандардың пікірі бойынша жастардың субмәдениеттерге келуінің негізгі факторлары.

Ұсынымдар:

1. Субмәдениеттердің қазақстандық қоғам қимасындағы рөлінің көрінген маңызсыздығына қарамастан, белгілі бір субмәдениетте болып жатқан үдерістерге олардың шегінде болып жатқан үрдістерді айқындауға бағытталған мұқият және жүйелі мониторинг қажет.

2. Сұрақ-жауап қазіргі жастардың көптеген өкілдерінің субмәдениеттің не екені туралы нақты түсінігінің жоқ екенін көрсетті. Осы бағытта қоғамдық пікірді түзете отырып, нақты ақпараттық саясат жүргізген маңызды. Жастардың белгілі бір субмәдениетті барабар бағалай отырып, объективті білім алуы, олардың оң және теріс жақтарын білуі тиіс.

VI БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫНЫҢ ДІНШІЛДІК ДЕҢГЕЙІ

Проблема.

Жастар ортасында қоғамдық-саяси жағдайдың даму көрсеткіштерінің бірі оның діншілдік деңгейі, жастардың дінге тартылушылық, діни ұйғарымдардың олардың күнделікті өміріне әсер ету дәрежесі болып табылады. Жастардың діншілдік деңгейін зерттеуге мемлекет ішіндегі жалпы діни жағдайды бағалау (оған қоса, соңғы жылдардың ішіндегі динамиканы бағалау) және жеке діншілдіктің негізгі құрауыштарын – діни сенімге көзқарас түрлерін (діншіл, дінге сенбейтін, атеист және т.б.), өзін белгілі бір діни конфессияға жатқызу ерекшеліктерін, адамның дінге бірге алып келетін қажеттіліктерін, сондай-ақ жастардың басқа діндерге эмоциялық көзқарасын талдау жатады.


Нәтижелер.

6.1. Жастардың мемлекет ішіндегі діни жағдайды жалпы бағалауы

Жүргізілген зерттеудің нәтижелері мемлекет жастарының жартысынан артығының (57,3 %) соңғы 3-5 жылдың ішінде жастардың діншілдігі артты деп есептейтінін көрсетті. Пікір сұралғандардың 17,3 %-ы қарсы пікірді ұстанады, 1 пайызға жуығы жастардың діншілдік деңгейінен ешқандай өзгеріс көрмейді. Жастардың төрттен бірінің (24,5 %) діни сұрақтарға мүдделіліктің төмендігін және жағдайда талдауға ниеттің жоқтығын көрсете отырып, бұл сұраққа жауап беруге қиналғанына назар аударған жөн (23-сурет).

23-сурет

«Сіздің пікіріңізше, соңғы үш-бес жылдың ішінде қазақстандық жастардың діншілдігі төмендеп жатыр ма, әлде жоғарылап жатыр ма?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)



Мемлекет өңірлерінің ішінде жастарының діншілдіктің өсіп жатқаны туралы пікірі басым өңірлердің ішінде Атырау (81,2 %), Ақтөбе (76,5 %) және Оңтүстік-Қазақстан (қазіргі Түркістан облысы) (76,1 %) облыстары көшбасшы

болып отыр – осы облыстардың барлығында жастар ортасында діни фактордың күшейгеніне сенімді жастардың үлесі үштен бір бөліктен асады. Жастардың діншілдігінің соңғы жылдардың ішінде төмендеп жатқанына жастары сенімді өңірлерге Қостанай (31,9 %), Шығыс-Қазақстан (30,1 %) және Ақмола (28,9 %) облыстары жатады.


Жастардың арасында діншілдіктің жоғарылағаны туралы пікірді негізінен қазақтар қолдайды (қазақтардың 61,7 %-ы осы пікірді ұстанады), басқа ұлыстар жастарының ішінде осындай пікірді (қазақтар мен орыстарды қоспағанда) 55,1 %-ы айтты, орыс жастарының ішінде бұл көрсеткіш 42,8 % тең.

Жастар қимасында корреляцияларға жасалған талдау жастар ортасында діни фактордың күшейгені туралы пікірдің мағынасының сұхбаткерлердің жастары ұлғайған сайын жоғарылайтынын көрсетті. Мысалы, егер 14 жастан 18 жасқа дейінгі аралықта осы позицияны жастардың 51,4 %-ы, ал 19 жастан 23 жасқа дейінгі аралықта 58,3 %-ы ұстанса, жоғары жастық топта олардың үлесі 60,6 % жеткен.

Жастар ортасындағы діншілдік деңгейін зерттеу шеңберіндегі міндеттердің бірі жастардың діншілдіктің тұрғылықты өңірлердегі жалпы қоғамдық-саяси жағдайға әсеріне берген бағасының өлшемі болды. Осы мәселе бойынша пікірлер теңдей бөлінді – жастардың 38,9 %-ы жастардың діншілдігінің өңірдегі жалпы жағдайға әсер ететінін мойындайды, 41,9 %-ы діни жастарды қоғамдық-саяси жағдайға ешқандай әсер тигізбейді деп есептейді (24-сурет).

24-сурет

«Діншіл жастар сіздің өңіріңіздің қоғамдық-саяси жағдайына әсер ете ме?»
сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)



Діни жастардың өңірдегі қоғамдық-саяси жағдайға әсерін айтарлықтай деп санайтын 38,9 %-ң жастардың 23,8 %-ң бұл әсерді жағымсыз (қоғамдық

шиеленісті құру, өз еркін басқаларға мәжбүрлеуге тырысу), 15,1 %-ң қоғамда үйлесімділік енгізе отырып, оң әсер етеді деп санайтынына көңіл бөлген жөн.

Діни жастарды қоғамдық шиеленіс құра алуға қабілетті деп санайтын жастардың ең жоғары пайызы Батыс-қазақстан облысында тұрады (облыстың барлық жастарының 38,6 %-ы).

Діни жастардың қоғамдық-саяси жағдайға ешқандай әсер тигізбейтінімен келісетіндер көбінесе орыс жастары болып табылады – пікір сұралғандардың жартысынан көбі (53,5 %). Қазақ жастарының ішінде осы пікірге 39,7 %-ы, басқа ұлыстардың ішінде – 37,1 %-ы қосылады.

Осы мәселе бойынша жынысы, жасы және басқа әлеуметтік-демографиялық белгілер бойынша айтарлықтай айырмашылық анықталған жоқ.

6.2. Қазақстан жастарының жеке діншілдік деңгейі

Жеке діншілдік деңгейін зерттеу осы саладағы істердің ағымдағы жағдайын ғана емес, сонымен қатар жастар діншілдігінің әрі қарай өсу әлеуетін анықтауға мүмкіндік береді.


Өткізілген сұрақ-жауаптың нәтижелері жас қазақстандықтардың діншілдік деңгейінің орташа болып сипатталатынын көрсетті, жалпы алғанда өздерін діншіл деп жас сұхбаткерлердің 69 %-ы атады. Діншілдердің қатарына үш санат кірді: діни қауымның өміріне қатысатын белсенді діншілдер (6,4 %); діни нормаларды сирек сақтайтын және діни орындарға тек қана мейрам күндері баратын діншілдер (26,5 %); үшінші санат – діни өмірге қатыспайтын діншілдер (36,1 %).

Өз дінінің барлық ұйғарымдарын орындайтын белсенді діншілдер саны 10 % аспайды. Бұл діншілдердің қалған екі санаттарының қоғамның қоғамдық-саяси өміріне ешқандай әсер тигізбейтінін білдіреді. Алайда олардың қоғамға әсері бірінші топ діншілдеріне қарағанда әлдеқайда төмен.

Деректер бойынша Қазақстан жастарының дінге көзқарасының басым нысаны өз өмірі мен отбасы өмірінің шегінен тыс шықпайтын дін болып табылады. Діншілдердің саны ең көп екінші және үшінші санаттары олардың зайырлы өмірі мүмкіндік беретін мөлшерде ғана – діни салттарды орындау қарқынды орын алатын маңызды діни мейрамдар, негізгі отбасы оқиғалары күндері, діншіл болып табылады.

Жастардың 28,1 %-ы өздерін дінге сенбейтіндерге жатқызды, оған қоса бұл топ да әрқелкі келеді. Дінге сенбейтіндер тобының ішінде басым бөлігін дінге сенбейтін, бірақ діншілдерді құрметтейтін жастар құрайды (15,2 %), 8 %-ы өздерін дінге немқұрайлы қарайтындар қатарына, 3,4 %-ы – дінге сенбейтін, бірақ кейде діни орындарға қызығушылықтан немесе біреуге серік болу үшін баратындарға жатқызды және 1,6 %-ы өздерін діннің қарсыластары, атеистер деп атады (25-сурет).

«Сіз өзіңізді діншіл адам деп есептейсіз бе?» сұрағына жауаптарды үлестіру,
(%-бен)



Егер белсенді діншілдер санатын, яғни дінге сенетін (өз ойы бойынша), діни ұйғарымдарды сақтайтын және діни қауымның өміріне қатысатын жастарды талдасақ, мұндай жастардың басым бөлігінің Маңғыстау облысында (16,0 %), Астанада (12,8 %) және Қарағанды облысында (12,4 %) тұратынын байқаймыз. Өздерін дінге сенбейтіндер санатына жатқызған жастардың көбі Шығыс-Қазақстан облысында тұрады (74,3 %). Одан кейін, аздаған үзілістен соң, бірақ алдыңғы орындада Қызылорда Д (48,4 %) және Атырау (43,5 %) облыстары тұр.

Егер деректерді ұлыстар қимасында талдасақ, жоғарыда аталған белсенді діншілдер үлесінің үш этникалық санатта айтарлықтай ерекшеленбейтінін байқаймыз – қазақтардың ішінде 6,3 %, орыстардың ішінде – 6,1 %, басқалардың ішінде – 7,5 %. Өздерін діншілдерге (барлық үш санатты қоса алғанда) және дінге сенбейтіндерге (төрт санатты қоса алғанда) жатқызатындардың жалпы санын салыстыру кезінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалады. Қазақтардың ішінде өздерін діншілдер деп атағандардың жалпы саны 70 % асады, басқа ұлыс жастарында бұл көрсеткіш одан да жоғары, яғни 74,2 % құрайды. Минималды көрсеткішті орыстар көрсетіп отыр – олардың ішінде діншілдердің үлесі 55 %-дан аздап жоғары (16-кесте).

**«Сіз өзіңізді діншіл адам деп есептейсіз бе?» сұрағына жауаптарды үлестіру,
(ұлыстар қимасында, %-бен)**


	Қазақтар	Орыстар	Басқалары
Мен – діншілмін, діни қауымның өміріне араласамын, діни нормаларды сақтаймын	6,3	6,1	7,5
Мен – діншілмін, бірақ діни нормаларды сирек сақтаймын және діни орындарға тек қана мейрам күндері барамын	26,9	19,5	34,1
Мен – діншілмін, бірақ діни өмірге араласпаймын	38,5	29,9	32,6
Мен – дінге сенбеймін, бірақ кейде діни орындарға қызығып немесе біреуге серік болып барамын	2,7	4,5	4,9
Мен – дінге сенбеймін, бірақ діншілдерді құрметтеймін	14,6	22,2	7,9
Мен дінге немқұрайлы қараймын	7,1	11,2	8,2
Мен дінге қарсымын, атеистпін	1,0	2,4	3,7
Жауап беруге қиналамын	2,9	4,0	1,1

Өзін діншіл адам деп анықтау мәселесінде жынысы, жасы және басқа әлеуметтік-демографиялық параметрлер бойынша айтарлықтай айырмашылық анықталған жоқ.

Өздерін әлеуметтік сұрақ-жауап барысында белгілі бір діни конфессияға жатқыза алған 1446 адамның ішінде 79,7 %-ын мұсылмандар, 16,5 %-ын – православиеліктер құрады, сауалнамада ұсынылған басқа конфессиялардың саны 1 % асқан жоқ (26-сурет).

26-сурет

«Сіз өзіңізді қай дінге немесе конфессияға жатқызасыз?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)




Ұлыстар қимасында корреляцияларды талдау діни қатыстылыққа ұлыстың себепшіл болу дәрежесін белгілеп алуға мүмкіндік береді. Дәстүрлі

қоғамдарда бір бірімен тығыз байланысты этникалық және діни құрамдас бөліктер қазіргі заманда тарала бастайды, соның нәтижесінде бұрын бір дінді ұстанған жекелеген адамдар немесе топтар діни конверсияны жасайды және басқа діни жүйенің идеяларын ұстана бастайды. Жасына байланысты айрықша психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктері бар жастар діни конверсияға көп шалдығады.

Жалпы, біз қазіргі Қазақстанда дін мен ұлыстың өзара шарттастығының өз мағынасын сақтайтынын көріп отырмыз. Деректер бойынша, қазақ жастарының 96,7 %-ы өздерін исламға, 88,9 %-ы өздерін православиеға жатқызады. Алайда болашақта күшеюі мүмкін өткен діни конверсия фактілерінің орын алғаны анық. Қазақтардың 1,5 % жуығы қазақтар үшін дәстүрлі емес қандай да бір діни бағытты (христандық, иудаизм және т.б.) қолдаушылар болып табылатынын айтты. Сонымен қатар орыстардың шамамен 5 %-ң өздерін исламға жатқызатынын көріп отырмыз (27-сурет).

27-сурет

«Сіз өзіңді қандай дінге немесе конфессияға жатқызасыз?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (ұлыстар қимасында, %-бен)



Жастардың діншілдігін зерттеу міндеттерінің бірі Құдайға сенімін қанағаттандыратын қажеттіліктерді анықтау болып табылады. Осы зерттеудің шеңберінде аталған қажеттіліктер «Сіздің пікіріңізше, жас адам дінде не іздейді?» сұрағы арқылы анықталды. Жүргізілген әлеуметтік сұрақ-жауаптың нәтижелері Қазақстан жастарының басым бөлігі үшін діннің өмірдің мәні мен түсінігін беретінін көрсетті – пікір сұралғандардың 33,5 %-ы осылай есептейді, одан кейін «дін үміт, болашаққа сенім береді» жауабы тұр (28,3 %), үштікті «адам діннен тәртіп пен реттілікті іздейді» жауабы тұйықтайды (26,7 %) (17-кесте).

«Сіздің пікіріңізше, жас адам діннен не іздейді?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)

	%
Өмірдің мәнін және ол туралы түсінікті	33,5
Үмітті, болашаққа сенімді	28,3
Тәртіп пен реттілікті	26,7
Күрделі өмір кезеңіндегі тіректі	21,6
Қолдау көрсететін рухани ұстазды	9,5
Басқалардан ерекшелену мүмкіндігін	5,7
Пікірлестер қауымдастығын, олардың өмірдің әртүрлі салаларында қолдауын	5,4


Осы сұраққа жауап беру кезінде жастардың жалпы жастардың қажеттіліктері жөнінде пікір айтқанына назар аударған жөн. Бұл ретте өз тәжірибесін пайдалану міндетті емес, сондықтан пікір сұралған жастардың белгілі бір бөлігінің қарабайыр, көпшілік білетін жауаптарды беру ықтималдығының болғанын ескеру керек. Жынысы, жасы, отбасылық жағдайы, тұрғылықты өңірі әртүрлі жас сұхбаткерлердің жауаптары бір бірінен көп ерекшеленбейді.

Жастардың діншілдік деңгейін зерттеуге байланысты қарастырылған тағы бір аспект – бұл жас қазақстандықтардың басқа діндерге эмоциялық көзқарасының мазмұны.

Жастардан пікір сұрауға қатысқандардың жартысынан кем бөлігінің (47,0 %) басқа діндер оң эмоцияларын тудырады - «Құрмет» (36,3 %) және «Қызығушылық» (10,7 %) жауаптарының қосындысы. 35,8 %-ы басқа діндерге немқұрайлы екенін мойындады. Әрбір он екінші жас қазақстандықта (8,3 %) басқа діндер тітіркену сезімін тудырады (28-сурет).

28-сурет

«Басқа діни сенімдердің өкілдері Сіздің қандай эмоцияларыңызды тудырады?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)



Басқа діндер өкілдеріне қатысты төзімді болып орыс жастары табылады – осы ұлт өкілдерімен сұрақ-жауап жүргізуге қатысқандардың барлығының

57,2 %-ы оларға оң эмоция сезінетінін айтты («Құрмет» және «Қызығушылық» нұсқаларының қосындысы). Қазақтардың ішінде бұл көрсеткіш 43,9 %-ға, басқа ұлыс жастарының ішінде – 47,9 %-ға тең.

Бөлім бойынша қорытындылар:

1. Жастардың жартысынан көбі соңғы 3-5 жылдың ішінде Қазақстандағы жастардың діншілдігі артқан деп есептейді. Бұл жас қазақстандықтардың дінге көп тартылатынын, діни тақырыптардың көпшілік кеңістікте белсенді түрде жұртқа жайылып жатқанын көрсетіп отыр.

2. Атырау, Ақтөбе және Оңтүстік-Қазақстан облыстарында (қазіргі Түркістан облыстарында) тұратын жастардың төрттен үш бөлігі (бұл мемлекет бойынша максималды мәндер) соңғы жылдары жастар діншілдігінің артқанына сенімді. Осы көрсеткіш бойынша минималды мәндер Қостанай, Шығыс-Қазақстан және Ақмола облыстарында белгіленген.

3. Жастардың арасында діншілдіктің артқаны туралы пікірді қазақтар көп қолдады және ол жастардың жасы ұлғайған сайын өсіп жатыр.

4. Жастардың жас қазақстандықтардың діншілдігінің тұрғылықты өңірлеріндегі жалпы қоғамдық-саяси жағдайға әсер ету дәрежесіне берген бағасында бір мағыналы беталыс жоқ. Бұл мәселе бойынша пікірлер теңдей бөлінді – жастардың бір бөлігі жастардың діншілдігінің өңірдегі жалпы жағдайға әсерін мойындайды, шамамен сол сияқты бөлігі діни жастар қоғамдық-саяси жағдайға мүлде әсер етпейді деп есептейді. Әрбір төртінші жас қазақстандық осы әсерді жағымсыз деп таниды. Ол қоғамдық шиеленіс тудырады, өз еркін басқаларға мәжбүрлейді. Тек әрбір жетіншісі ғана оларды қоғам ішінде үйлесімділік енгізе алады дегенге сендіріп, олардың оң әсеріне сенеді.

5. Жас қазақстандықтардың діншілдік деңгейі орташа деп сипатталады. Жалпы алғанда, өздерін діншіл деп жас сұхбаткерлердің шамамен 70 % есептейді. Өз дінінің барлық ұйғарымдарын орындайтын белсенді діншілдердің саны 10 % аспайды. Қазақстан жастарының дінге көзқарасының басым нысаны өз өмірінің және отбасы өмірінің шегінен тыс шықпайтын сенім болып табылады.

6. Өз дінінің барлық ұйғарымдарын орындайтын және діни қауымның өміріне белсенді қатысатын жастардың басым бөлігі Маңғыстау облысында, Астанада және Қарағанды облысында тұрады. Өздерін дінге сенбейтіндер санатына жатқызған жастардың көбі Шығыс-Қазақстан, Қызылорда және Атырау облыстарында тұрады.

7. Жалпы алғанда, қазіргі Қазақстанда дін мен ұлыстың өзара шарттастығының өз мағынасын сақтап тұрғанын көріп тұрмыз – діни конверсия жағдайлары жиі орын алмайды. Діни ауысу жағдайларының аздығына қарамастан, олардың орыс жастарының ортасында қарқынды екенін айта кетуіміз керек.

8. Қазақстан жастарының басым бөлігі үшін дін өмірінің мәні мен түсінігін; үмітті, болашаққа сенімді; тәртіп пен реттілікті береді.

9. Жастардың басқа діндер өкілдеріне көзқарасына келсек, бұл арада оң эмоциялар – құрмет пен қызығушылық басым. Оған қарамастан, әрбір 12-ші жас қазақстандық басқа діндерге қатысты тітіркену сезімін сезінеді. Басқа діндер өкілдеріне қатысты ең төзімді жастар орыс жастары болып табылады.

Ұсынымдар:

Жас қазақстандықтардың жартысынан астам бөлігінің жастардың діншілдігіндегі өзгерістерді өсуге беталыс ретінде қабылдайтынына қарамастан, осылай түсінудің себептерін анықтауға және ұдайы діншілдіктің сипатын анықтауға бағытталған арнайы әлеуметтік зерттеулерді жүргізу ұсынылады. Мұндай әлеуметтік зерттеулердің фокусын жастар ортасындағы діншілдіктің деструктивтілік дәрежесінде, оның көбею факторларын анықтауға жасау қажет. Жастары діншілдіктің өсу беталысын айрықша сезінетін өңірлерге ерекше көңіл бөлу керек.

VII-БӨЛІМ. ЖАСТАР ОРТАСЫНДАҒЫ НАРАЗЫЛЫҚ КӨҢІЛ-КҮЙЛЕРІН БАҒАЛАУ

Проблема.

Жастардың өз өміріне қанағаттанушылық дәрежесінің жоғары болуына қарамастан, қазіргі жастар көбейе отырып жастардың фрустрация күйінің, қоршаған ортаға реніш сезімінің, мемлекетке деген наразылықтарының пайда болуына алып келуі мүмкін проблемалар кешеніне тап болады.

Мемлекет жастарының бір бөлігінің тап болатын негізгі проблемалар, негізінен, әлеуметтік-экономикалық салаға қатысты – табыс көзінің төмен болуы, жұмыссыздық, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетсіздік, тұрғын үй проблемалары және т.б. Жастар аталған проблемаларды тиімді шешу жолдарын таппаған жағдайда жастар ортасында наразылық көңіл-күйлерінің даму негізі пайда болады. Жастар ортасындағы басқарылмайтын наразылық қозғалыстары қоғамдық тәртіпті бұзады және қоғамның тұрақты даму факторына айналуы мүмкін.

Жастардың осы зерттеу шеңберіндегі наразылық әлеует деңгейі жастардың тұрғылықты жерлерінде наразылық акцияларының пайда болу ықтималдығына беретін бағасын анықтау және жастардың өздерінің пікірі бойынша, жастар ортасындағы наразылық белсенділік деңгейін арттыруға қабілетті проблемаларға талдау жасау арқылы зерттелді.


Нәтижелер.

7.1. Жастардың тұрғылықты жерлерінде наразылық акцияларының пайда болу ықтималдығын бағалауы

Өткізілген зерттеудің нәтижелері жастардың 70 % астам бөлігінің қалада / ауылда наразылық акцияларының пайда болу қаупінің жоғына сенімді. Олардың 37,2 %-ы мұндай жағдайдың болуы мүмкін емес нұсқасын, 35,3 %-ы «Қауіп жоқ десем болады» нұсқасын таңдап алды, яғни Қазақстанда наразылық көңіл-күйлерінің пайда болу ықтималдығын толығымен жою мүмкін емес, олар оны минималды деп есептейді.

Жастардың әрбір жетіншісі (мемлекет жастарының 13,5 %-ы) бүгінгі таңда Қазақстанда жастар тарапынан наразылық акцияларының пайда болу ықтималдығы бар деп есептейді, бұл ретте олардың бір бөлігі (2,3 %) олай болуы мүмкін дегенге сенеді (29-сурет).

«Сіз қалай ойлайсыз, қазір Сіздің қалаңызда / ауылыңызда наразылық акцияларының пайда болу ықтималдығы бар ма?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)



Жастары өздерінің тұрғылықты жерлерінде жастардың наразылық белсенділігінің даму ықтималдығына жол беретін өңірлердің ішінде республикамыздың батыс жағындағы өңірлер көшбасшы болып отыр – Ақтөбе облысы («Сіз қалай ойлайсыз, қазір Сіздің қалаңызда / ауылыңызда наразылық акцияларының пайда болу ықтималдығы бар ма?» сұрағына «Әрине, иә» және «Иә десем болады» жауаптары бойынша жиынтық көрсеткіш 26,5 % тең), Атырау облысы (жиынтық көрсеткіштің мәні 26,1 % тең) және Қызылорда облысы (25,3 %). Сонымен қатар жиынтық көрсеткіш 20 %-дық мәннен Алматы қаласында (22,5 %) және Қарағанды облысында (24,1 %) артып отыр.

Жастары республика бойынша өз өңірінде жастар тарапынан наразылықтардың пайда болу ықтималдығына ең төмен дәрежеде жол беретін өңірлерге Солтүстік-Қазақстан облысы (0 %) Астана қ. (жиынтық көрсеткіш 1,7 %) және Қостанай облысы (2,2 %) жатады. Ауылда тұратын жастар қалалық жастарға қарағанда қоғамдық наразылықтар қаупіне ең төмен дәрежеде жол береді (16 % салыстырғанда 10,3 %).

Жастардың ағымдағы жыл деректері бойынша жастар ортасында наразылықтардың пайда болу қаупі туралы пікірін 2016 жылғы (2016 жылғы 4-тоқсан) сауалнама нәтижелерімен салыстырсақ, жағдайдың өзгермегенін байқауға болады: әлі де жас азаматтардың шамамен 70 %-ы мұндай қауіптің жоқтығына сенімді.

7.2. Жастар ортасында наразылық белсенділік деңгейін арттыруға қабілетті проблемалар

Жастар ортасындағы наразылық көңіл-күйлер феноменін зерттеген кезде, олардың пайда болуына ненің себеп болатынын, қандай

проблемалардың жастар ортасында наразылық белсенділігінің өсуіне алып келуі мүмкін екенін анықтау маңызды. Әлеуметтік сұрақ-жауап барысында сұхбаткерлерге ұсынылған проблемалар тізбесінен жастар арасында наразылық белсенділігінің тындауына алып келуі мүмкін мәселелерді көрсету ұсынылды. Пікір сұралған жастардың жартысынан көбі (54,8 %) оларды ешқандай себептің ашық наразылық білдіруге итермелей алмайтынын айтты. 2016 жылдың төртінші тоқсанында өткізілген зерттеудің мәліметтері бойынша, олардың үлесі 49,6 % құрады, яғни біз мемлекет жастарының шамамен 50 %-ң белгілі проблемалардың оларды наразылық акцияларына қатысуға итермелеуі мүмкін деген болжамы бар екенін көріп отырмыз.

Деректерді ешқандай жағдайда наразылық акцияларына қатыспайтын жастар санаты бойынша қарастырсақ, олардың санының қазақтардың арасында ең аз екенін байқаймыз (барлық пікір сұралған қазақтардың 52,1 %-ы), орыс ұлтты жастардың ішінде олар 55,9 %-ды, басқа ұлыстар жастарының ішінде 61,8 %-ды құрады. Болжам бойынша, белгіленген мәселелер барлық ұлыстардың жастарына қатысты болып отыр. Алайда, біз әртүрлі ұлыстарда наразылыққа дайындық дәрежесінің әртүрлі екенін көріп отырмыз. Назылық шараларға қатысуға ниеті жоқ жастардың жынысы, жасы және басқа әлеуметтік-демографиялық белгілері бойынша ешқандай айтарлықтай айырмашылығы анықталған жоқ.

Белгіленген мәселелердің ішінде наразылық белсенділігін арттыруға қабілетті себептер ретінде жастар, негізінен, медициналық мекемелер қызметкерлерінің кәсібисіздігін (бұл проблема әрбір оныншы жас қазақстандықты мазалайды), алғашқы қажеттілігі бар таураларға бағалардың өсуін (азық-түлік өнімдеріне, жанар-жағармай материалдарына, дәрілерге) және жұмыстан айрылуын көрсетті (18-кесте).

18-кесте

*«Қай проблема Сізді жария наразылық акциясына баруға мәжбүрлеуі мүмкін?»
сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)*

	%
Мені ешнәрсе ашық түрде наразылық білдіруге мәжбүрлей алмайды	54,8
Медициналық мекемелер қызметкерлерінің немқұрайлылығы және кәсіпқой еместігі	9,9
Азық-түлік өнімдеріне, жанар-жағармай материалдарына (ЖЖМ), дәрілерге бағалардың өсуі	9,8
Жұмыстан қысқартылу / босатылу	8,7
Әділетсіз сот шешімдері	8,5
Жалақы / шәкіртақы / жәрдемақы төлеудегі кідіріс	7,9
Тұрғын үйге байланысты проблемалар	7,6
Экологиялық жағдайдың нашарлауы	7,4
Биліктердің іс-әрекеттеріне қанағаттанбаушылық	6,7
Негізсіз айыппұлдар	6,2
Несиелер немесе ипотека бойынша төлемдердің жоғарылуы	5,9
Коммуналдық қызметтерге тарифтердің негізсіз өсуі	6,1
Мектептегі / колледждегі / жоо-ғы проблемалар	5,5
Этникалық негіздегі құқықтардың бұзылуы	5,3

2016 жылғы 4-тоқсанмен салыстырғанда, аталған проблемаларды саралау тәртібі айтарлықтай өзгерген жоқ, бірақ олардың ең маңыздылары әлі де жылдан жылға өз позицияларын сақтап отыр. Мемлекет жастары үшін медициналық мекемелер қызметкерлерінің немқұрайлылығы мен кәсібісіздігі сияқты проблеманың мәні айтарлықтай жоғарылады. Бұл қоғам ішінде бұл проблеманың артып жатқанын көрсетіп отыр.

Бөлім бойынша қорытындылар:

1. Жас қазақстандықтардың басым көпшілігі олар тұратын қалада / ауылда наразылық акцияларының пайда болу қаупі жоқ дегенге сенімді. Тек әрбір жетінші жас азамат бүгінгі күні Қазақстанда жастар ортасында наразылық акцияларының пайда болу қаупі бар деп санайды.

2. Жас тұрғындарының 25 % астам бөлігі басқаларға қарағанда тұрғылықты жерлерінде жастардың наразылық акцияларының даму ықтималдығына жол беретін өңірлердің ішінде, ең алдымен, республикамыздың батыс өңіріндегі – Ақтөбе және Атырау облыстары, сондай-ақ Қызылорда облысы көшбасшы болып отыр.

3. Соңғы үш жылдың ішінде жастардың наразылық акцияларының пайда болу ықтималдығына берген бағасы, негізінен, өзгерген жоқ. Жас азаматтардың бұрынғыдай 70 %-ы мұндай қауіптің жоқ екеніне сенімді.

4. Мемлекет жастарының шамамен 50 %-ы белгілі проблемалардың оларды наразылық акцияларға қатысуға итермелеуі мүмкін деген пікірлерін білдірді. Жастардың пікірі бойынша, наразылық белсенділігін арттыруы мүмкін негізгі проблемаларға медициналық сала қызметкерлерінің кәсібісіздігі, алғашқы қажеттілігі бар тауарларға бағалардың өсуі және жұмыссыздық қаупі жатады.

Ұсынымдар:

1. Зерттеу нәтижелерінің жас тұрғындарының шамамен төрттен бір бөлігі тұрғылықты жерлеріндегі жастардың наразылық белсенділігінің даму ықтималдығына көбірек жол беретін өңірлердің бар екенін көрсетіп отырғанына байланысты, осындай түсініктің пайда болуына себеп болатын себептерді анықтауға бағытталған тереңдетілген әлеуметтік және политологиялық зерттеулерді жүргізу ұсынылады. Бұл өңірлердің жастары өздерін әлеуметтік жағынан осал деп сезінуі, қандай да бір ерекше әлеуметтік проблемаларының болуы, жалпы күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың әсерін сезінуі мүмкін.

2. Жастардың наразылық көңіл-күйлердің пайда болу ықтималдығын орташа деп бағалайтын ұсынылған мәліметтер наразылық акцияларының пайда болу дәрежесін толық көлемде түсінуге мүмкіндік бермей, жастардың субъективті түсінігінің бар екенін көрсетіп отыр. Осыған байланысты, жаста ортасындағы наразылық белсенділігінің деңгейін наразылық акцияларының

пайда болу динамикасына жасалған талдауға, олардың себептері мен қатысушыларының әлеуметтік құрамын анықтауға негізделіп, егжей-тегжейлі зерттеу ұсынылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанның қазіргі жастары – бұл өздеріне тән бірегей сипаттамалары кешені бар серпінді дамып келе жатқан әлеуметтік топ. Басқа жас санаттарына қарағанда ол құндылықтар мен өмірлік ұстанымдар жағынан тұрақсыз, қозғалмалы, икемді болып табылады, оның әлеуметтік белсенділік дәрежесі жоғары. Жастар жаңа ақпараттық технологиялардың, жаңа оқу нысандарының іске асырылуына, бос уақыттың, қарым-қатынастың жаңаша жүргізілуіне жылдамырақ бейімделеді. Екінші жағынан, жас ерекшеліктерінен туындайтын артықшылықтармен қатар, жастар ішінде негізгілері табыс деңгейінің төмендігі, жұмыссыздық, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетсіздің, тұрғын үй проблемалары болып табылатын өзекті әлеуметтік проблемалар алдында осалырақ болып табылады.

Жастарға тән екі жақтылық онымен өзара қатынаста осы жас шаманың артықшылықтары мен оның осалдық факторларын ескеретін жаңа тәсілдердің қоғамдық институттарды әзірлеу қажеттігін тудырады. Қазақстан жастарының бүгінгі таңда әрқелкі екенін ескере отырып (жасы, тұрғылықты өңірі, этникалық қатыстылығы, білім деңгейі, жұмысбастылығы бойынша), онымен жұмыс жасау үшін жіктелі саясат құру қажет.

Қазіргі Қазақстанның жастарына оптимистік көңіл-күйлер мен өміріне субъективті қанағаттанушылық дәрежесінің жоғары болуы тән. Басқа жас қазақстандықтарға қарағанда, айналасындағы адамдармен қарым-қатынастарға, өз денсаулығының жағдайына, білім сапасына және қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуі сапасына көбірек қанағаттанады. Жастар тіршілігінің ең күрделі салаларына экологиялық ахуалдың, медициналық қызмет көрсету сапасының нашарлығы, алғашқы қажеттілік таураларына бағалардың қымбаттығы, жұмысқа орналасу саласындағы қиындықтар және тұрғын үй жағдайлары жатады. Жастары дамуы үшін жасалып жатқан жағдайларға көбірек қанағаттанатын көшбасшы - өңірлерге Астана қ. және Қызылорда облысы жатады. Онымен қатар, Астана жастары әлеуметтік проблемаларға алаңдаушылығын көбірек көрсететін өңірлердің ішінде алда тұр.

Жастардың Қазақстанда мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың жұмысы туралы хабардарлық деңгейін барлық үш құрылым (ЖРО, ДІАҚМ Жастар саясаты департаменті және өңірлердегі Жастармен жұмыс жөніндегі Басқармалар) бойынша орташадан төмен деп бағалауға болады. Жастар үшін Жастар ресурстық орталықтарының жұмысы көбірек таныс, алайда соңғы үш жылдың ішінде ЖРО жұмысы туралы ештеңе білмейтін (естімеген) жас қазақстандықтардың саны аздаған мөлшерге көбейе отырып, бір деңгейде сақталып отыр. «Болашақ» Халықаралық шәкіртақысы, «Дипломмен – ауылға!», «Жасыл ел», «Бизнестің жол картасы - 2020», «Нұрлы жер» және «Жастар тәжірибесі» сияқты жастар жобалары жастар үшін бірінші деңгейде таныс болып шықты. Барлық алты бағдарлама және жоба бойынша олар туралы әртүрлі дәрежеде хабардар жастардың саны олар туралы ешқашан естімегендерден артық, алайда осы бағдарламалардың іске асырылуы туралы

білетін және оларға қатысқан жастардың үлесі барлық алты жоба бойынша 5 % аспайды. Жастар ұйымдарының жас қазақстандықтардың арасындағы танымалдылық рейтингісінде «Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» жастар қанаты, Қазақстанның «КВН» Одағы, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» Халықаралық стипендиясы стипендиаттарының қауымдастығы» алда тұр. Бұл ретте жастардың олар туралы хабардарлық деңгейі олардың қызметіне қатысу деңгейінен әлдеқайда жоғары. Мемлекеттік жастар саясатына қанағаттанушылық деңгейінің ең жоғары көрсеткіштерін Оңтүстік-Қазақстан облысының (қазіргі Түркістан облысының) және Астана қ. жастары, ең төмен көрсеткіштерін - Алматы қ., Алматы, Павлодар, Шығыс-Қазақстан және Батыс-Қазақстан облыстарының жастары көрсетіп отыр.

Патриотизмнің құндылығы жас қазақстандықтардың санасында жоғары өзектілік дәрежесіне ие. Патриотизм ұғымын жас қазақстандықтар, ең алдымен, эмоциялық күйзелістермен байланыстырады. Жастардың санасындағы «патриотизм» ұғымының ең көп таралған түсіндірмелер үштігіне мыналар жатады: Отанға (соның ішінде туған қаласына, ауылына, кентіне) деген сүйіспеншілік, елінің ұлы жетістіктері үшін мақтаныш және Отан иігілігі үшін еңбек. Жастардың басым бөлігі елінің Қарулы күштеріне оң сезімдерді бастан кешіреді – мақтаныш, тамсану, сенім, құрмет. Армия институты оң эмоцияларын тудыратын жастардың саны оларға қанағаттанбайтын жастар санынан бес еседен артық мөлшерге жоғары. Жалпы, Қазақстан жастары әскерде қызмет етуді беделді деп есептейді. Әскерде қызмет етуді беделді деп санайтын жас қазақстандықтардың саны оны беделді деп есептемейтіндерден шамамен 4 есе артық. Жастардың пікірі бойынша, патриоттық тәрбие берудің Қазақстанның тарихын, салт-дәстүрлерін оқып білу, орта мектептерде алғашқы әскери дайындықты жүргізу және тұрғылықты жерлердегі балалар-жасөспірімдер клубтарының жұмысын дамыту сияқты шараларға көбірек көңіл бөлу қажет.

Қазіргі Қазақстан жастары субмәдениеттерге негізінен немқұрайлы қарайды. Сұхбаткерлердің пікірі бойынша, жастар субмәдениеті, ең алдымен, сәнді бағыт және уақытша әуес пен бос уақыт өткізу түрі ретінде қабылданады. Субмәдениеттерге оң қарау деңгейі сұхбаткерлердің жасы ұлғайған сайын азайып жатыр. Алайда, тіпті ең кіші жастық топта субмәдениеттерге тек әрбір төртіншісі ғана оң көзбен қарайды екен. Қазақстанның қазіргі жастарының жастар субмәдениеттерінің жұмысына тартылу деңгейі өте төмен. Жас қазақстандықтардың басым бөлігі өздерін ешқандай субмәдениетке жатқыза алмайды. Кіші жастық топта оларға тартылу деңгейі ең жоғары болып отыр, бірақ жас ұлғайған сайын бұл көрсеткіш төмендейді екен. Жастардың пікірі бойынша, субмәдениеттерге кірудің негізгі факторлары қызығушылық, бөлінуге ұмтылу, назар аудартуға тырысу, сән болып табылады.

Мемлекет жастарының жартысынан көбі соңғы 3-5 жылдың ішінде Қазақстан жастарының діншілдігі жоғарылады деп есептейді. Демек, жас қазақстандықтардың көбі дінге тартылып, көпшілік кеңістікте діни тақырыптар туралы белсенді түрде асырып айтылып отыр. Атырау, Ақтөбе және Оңтүстік-Қазақстан облыстарында (қазіргі Түркістан облыстарында)

діншілдіктің артқанынан сенетін жастардың үлесі ең жоғары болса, Қостанай, Шығыс-Қазақстан және Ақмола облыстарында бұл көрсеткіш ең төмен болып отыр. Жас қазақстандықтардың жалпы діншілдік деңгейі орташа деп сипатталады, жалпы, өздерін діншілміз деп жас сұхбаткерлердің шамамен 70 %-ы есептейді. Өз дінінің барлық ұйғарымдарын орындайтын белсенді діншілдер саны 10 % аспайды. Қазақстан жастарының дінге көзқарасының басым нысаны өз өмірі мен отбасы өмірінің шегінен шықпайтын сенім болып табылады. Белсенді жас діншілдер санаты негізінен Маңғыстау облысында, Астанада және Қарағанды облысында тұрады. Өздерін дінге сенбейтіндер санатына жатқызатын жастардың ең жоғары көрсеткіші Шығыс-Қазақстан, Қызылорда және Атырау облыстарында тұрады.

